

Алатау

Газет 2000 жылдан
шыға бастады

№41
(992)

16.10.2020

Қоғамдық-саяси газет / Общественно-политическая газета

@ alatau_offset@mail.ru
alatau.qpparat
alatau.gazeti

БАСПАСӨЗ-МӘСЛИХАТЫ

ӨРТ ПЕН ЖОЛДАН АБАЙ БОЛАЙЫҚ



АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛЫ ӨНІРДЕ 927 ӨРТ ОҚИҒАСЫ ТІРКЕЛГЕН. ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЛАРЫНДАҒЫ ӨРТТЕРДІҢ НЕГІЗГІ СЕБЕПТЕРІ – ПЕШПЕН ЖЫЛЫТУ, ЭЛЕКТР ЖАБДЫҚТАРЫН ҚОЛДАНУ КЕЗІНДЕ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫНЫҢ САҚТАЛМАУЫ. БҰЛ ТУРАЛЫ «JETISY MEDIA» АҚПАРАТТЫҚ АЛАҒЫНДА ӨТКЕН БАСПАСӨЗ-МӘСЛИХАТЫНДА БЕЛГІЛІ БОЛДЫ.

ӨТКЕН жылмен салыстырғанда өрт оқиғасы 13,8 пайызға азайған. Жыл басынан бері облыстағы тұрғын үй секторында тілсіз жаудың шарпуы 526 рет орын алып, салдарынан 23 млн.260 мың теңге көлемінде материалдық залал келтіріліпті.

Жалпы облыс бойынша есепте 386 мың 870 жеке тұрғын үй бар, оның ішінде шамамен 65 пайызы қатты отынмен жылытылады. Төтенше жағдайлар департаменті тіркеуде тұрған үйлердің 45 мың 803-ін тексерген. Кезекті профилактикалық шара барысында қауіпсіздік шарасын сақтамаған 1 867 жағдай анықталған. Мамандар сөзінше, оқыс оқиғалар тек қатты отын салдарынан емес, табиғи

газды қолдану барысында да орын алады.

Талдықорған қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Қанат Алтынбековтың мәлімдеуінше, өткен кезеңде газ жарылуының 2 жағдайы анықталған. Салдарынан 9 адам зардап шегіп, 3 азамат көз жұмған. Бұның барлығы қауіпсіздік ережелерін ұмыт қалдырумен, орталық тағза қосылған қондырғыны дұрыс пайдаланбаудан болған келеңсіздік екен.

ҚЫЛЫШЫН сүйретіп қыс келгенде тек жылыту құралдарынан ғана қауіп келмейді, жолдан келер қатер тағы бар. Айта кету керек, Алматы облысында республикалық маңызы бар жолдардың жалпы ұзындығы 2822 км құрайды.

Қысқы кезеңде жол қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуде «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ АОФ бойынша комиссия құру және инженерлік-техникалық қызметкерлерді жол учаскелеріне бекіту шаралары жүргізілген. Баспасөз-мәслихатында мамандар көк тайғақ жағдайында қолданылатын материалдар мен қажетті жол техникаларын дайындау жұмыстары іске асырылуда екендігін де айтты.

«ҚазАвтоЖол» АҚ-нің Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Саймасай Алмұхамбетовтың сөзінше, өткен жылдың жұмыс қорытындысына сәйкес, қауіпті және қар басатын аумақтар анықталған. Олар: Кеген (44-60 км), Арқарлы (142-150 км), Когурим (547-550 км), Алтын Емел(45-65 км), Ырғайты (105 км), Аласы (17-24 км), Көкпек шатқалы (152-165 км) және т.б. Алдағы таңда, аталған автожолдарда арнайы вагондар орнатылмақшы.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

НЕГЕ?



ҰЯТ ЖОҒАЛДЫ

Адамзаттың қорқынышына айналған коронавирус денсаулыққа ғана емес, ел экономикасына да әсер етті. Индеттен сақтану мақсатында Қазақстан 5 мемлекетпен 117 тұрақты автобус бағытын тоқтатып, 4 елдің шекарасындағы жеке автомобиль өткізетін 20 пункт жабылды. Туристтік компаниялар шығынға батты. Карантин кезінде азық-түліктің, киім-кешектің, тұрмыстық заттардың да бағасы қымбаттады. Барлық жер жабылып жұмыссыз қалған жандар көп болды. Мемлекет тарапынан көмек көрсетіліп, жұмысы тоқтап қалған адамдарға 42500 теңгеден бөлінді. Бірақ шынайы мұқтаж жандар осы көмектен де тыс қалған жағдайлар болды.

Қоғамдық көліктердің жүру уақытын қысқартып, сенбі жексенбі күндері мүлде тоқтатып тастады. Халық тиісті жерге жету үшін таксимен жүруге тура келді. Осы кезде көлігі барлардың бәрі такси жүргізушісі болып, ойына келген бағасын айтып жатты. Халық өзі қиналып, қалтасы жұқарған сәтте бұл – жығылғанға жұдырық болды. Бір қаладан екінші қалаға қатынау үшін жол ақысын бұрынғыдан екі-үш есеге дейін артық төледі. Карантинге дейін Алматы – Талдықорған жол ақысы 2000-2500 теңге болса, карантин уақытында 4000-нан 7000 теңгеге дейін көтерілді. Сол секілді Талдықорған – Үштөбе арасы карантинге дейін 400-500 теңге болса, карантин кезінде 2000 теңгеге дейін шарықтады. Жағдай белгілі,

жолда қойылған блокпосттар, қалаға кіргізу үшін жүргізілетін тексерулер, соған қарай жол ақысы қымбаттады. Ал, қазір карантин тоқтап, індет саябырсып, елдегі жағдай бірқалыпты болып жатса да, қала аралық такси жүргізушілері жол ақысын төмендететін ойы жоқ. Алматы – Талдықорған арасы 3000-4000 теңге, ал Талдықорған – Үштөбе арасы 1000 теңге болып тұр. Алайда, екі қала арасындағы жол ұзарған жоқ, жанармай бағасы да еш қымбаттамаған, сол қалпында. Яғни, такси жүргізушілеріне жол ақысын көтеруге ешқандай себеп жоқ. Тек карантин уақытында тапқан табыстарына үйреніп алған ба дейсің. «Неге қымбат» десең «Баға солай» деп ұрсып беретіндер де бар. Бағаны төмендетпеу үшін өзара келісіп алған. Қаланы білетін, бұрыннан екі ортада жүрген жолаушылар амалын тауып арзан бағаға тауып жатады, ал қаланы білмейтін, бірінші рет бара жатқан адам тап болса одан да қымбат сұрайды. Осындайда адамдар ұят дегенді мүлде ұмытты ма дейсің. Қиын жағдайда халықтың қалтасына салмақ салмай, «Сәл де болса көмек қой» деп ең бірінші адамгершілікті ойлайтын жүргізушілер жоқ, керісінше өз пайдасын ойлайды.

Адамгершілікті бірінші орынға қоятын қазақы құндылығымыз қайда кетті?! Блокпосттар алынып, карантин кезіндегі тексерулер тоқтаса да жол жүру құны төмендемей тұр. Неге?

М. МҰРАТБЕКҚЫЗЫ.

БАСПАСӨЗ - 2021

«АЛАТАУ» қоғамдық-саяси газетіне
2021 жылға жазылу басталды

ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

редакция арқылы

1 жылға – 3640 теңге.

облыстық маңызы бар қалалар үшін "Қазпошта" арқылы

1 жылға – 4470, 20 теңге.

ауыл тұрғындары үшін

1 жылға – 4700, 80 теңге.

Началась подписка на 2021 год

на общественно-политическую газету «АЛАТАУ»

ЦЕНА ПОДПИСКИ:

с редакции

1 год – 3640 тенге.

для города областного значения через "Казпочту"

1 год – 4470, 20 тенге.

для сельского населения

1 год – 4700, 80 тенге.

Индекс: 15534

БАСПАСӨЗ – 2020

МАРАПАТ

ОҚЫРМАН ЖҮРЕГІНЕ ЖОЛ ТАРТҚАН

«ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫНА» Бөленгендер

Биыл елімізде корона-вирус пандемиясымен күресте ерекше көзге түскен азаматтар «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Олардың қатарында денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау және пандемиямен күресте елеулі еңбек етіп, жемісті жұмыс істеген түрлі саланың мамандары бар.



Марапат иегерлері қатарында індет ошағында жүріп, елге ақпарат таратқан БАҚ өкілдері де бар. Төртінші билік өкілдеріне марапатты облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ғалиасқар Сарыбаев салтанатты түрде табыстап, жылы лебізін білдірді.

«Халық алғысы» медалі Мемлекет басшысының Жарлығымен індетпен күресте алдыңғы шепте жүрген азаматтарға ғана беріледі. Ал, карантин кезінде қызмет еткен 275 жетісулыққа «Халық алғысы» медалі берілді.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

Азамат ҚИСМЕТОВ, Көксу аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы:



«Қарыштап дамыған заманда оқырман қандай ақпарат аламын десе де мүмкіндігі мол. Теледидар, интернет, тағысын тағы толып жатқан заманауи ақпараттық технологиялар арқылы күллі әлемнің жаңалығынан сол сәтте-ақ хабардар бола алады. Десе де, баспасөздің, соның ішінде газеттің алар орны айрықша.

Ұлт көсемі А. Байтұрсынұлы «Газет халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деп бекер айтпаса керек. Осы орайда облыстың үні болған «Алатау» қоғамдық-саяси газеті – өзіндік бет-бейнесі қалыптасқан басылым.

Газет – халық пен билік арасындағы алтын көпір іспетті. «Алатау» газетінде жарияланып жүрген мақалаларды мүмкіндігінше үзбей оқимын. Басылым бетіндегі тарихи, әдеби және мәдени тақырыптағы материалдар көптің көңілінен шығады деген ойдамын. Газеттің басты ерекшелігі – қоғамдағы өзекті мәселелердің көтеріліп, сараптамалық мақалалардың көптеп жазылатындығы. Тек бір бағытты емес, түрлі саланы қамтитын «Алатау» қоғамдық-саяси газетін қызығып оқитын жандар санының көп екеніне сенімдімін. Газет ұжымына шығармашылық табыс тілей отырып, оқырмандарының көбейе беруіне тілектеспін».

НАРЫҚ

Биылғы төтенше жағдай мен карантин жетісулық шаруаларға оңай тимеді. Бұл кедергіге қарамастан диқаншы қауым қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, өнім көлемін өткен жылғы деңгейден түсірмеуге барын салуда. Кейінгі тұста қайта дамуды бастан өткерген тәтті түбір өндірісі де өркенін үзбей келеді. Биыл жетісулықтар 500 тонна қант қызылшасын жинап, 42 мың тонна тәтті түбір өндіруді жоспарлауда.

ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ АЛҚАБЫ 16,1 МЫҢ ГЕКТАРҒА ЖЕТКІЗІЛДІ



Осы орайда қапшағайлық шаруалардың алды қант қызылшасы алқабының әр гектарынан 700 центнерден өнім алуға. Алматы облысы

өкімі баспасөз қызметінің хабарлауына, бұл өңірде тәтті түбір алқабы 860 гектарға себіліпті. Ал облыс бойынша тәтті қызылша 16,1 мың гектарға

жеткізілді.

Мәселен, Қапшағайдағы он жылдан бері жаздық арпа, картоп және көкөністер егумен айналысып келетін «Етекбаев» шаруа қожалығы соңғы жылдары қант қызылшасына да көбірек көңіл бөле бастапты. Биыл да 40 гектар жерге қызылша егіп, гектарынан 700 центнерден өнім алған.

Шаруа қожалығының басшысы Нұрлан Етекбаевтың айтуынша, осындай жақсы нәтижеге үкімет және жергілікті билік тарапынан көрсетілген көмектердің арқасында қол жеткізуде. Сондай-ақ, отандық өнімді қолдау арқылы қантпен өзін-өзі қамти алатындай дәрежеге жетуге мүмкіндік бар

екенін де тілге тиек етті.

Егістікпен шұғылданатын «Бауыр» шаруа қожалығының да биылғы өнімі жаман емес екен. 143 гектарды алып жатқан егістік жерінің 100 гектарына жаздық арпа, 10 га сүрлемге арналған жүгері, қалған 23 гектарына пияз отырғызыпты. Шеңгелдідегі ірі қожалықтың бірі пияз өсіруге басымдық беріпті. Айтуларынша, өнімнің өтімі жоғары, сұранысқа ие. Олар өсірген пиязды Қазақстанда ғана емес, Ресейде де тұтынушылар көп. Қазіргі таңда шаруалар өнімді буып-түйіп қоймаға қою үшін өзінше жұмыстарын жүргізуде екен. Ал, қоймаға өзінше 600 тоннадай өнім жинапты.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

ШЕБЕРДІҢ ҚОЛЫ – АЛТЫН

«ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН КІТАПХАНАЛАР ЖҮЙЕСІНЕ» ҚАРАСТЫ ЕРКІН АУЫЛДЫҚ №3 КІТАПХАНА ФИЛИАЛЫНЫҢ ҰЙЫТҚЫ БОЛУЫМЕН «ӨНЕР ТАЛАПТАН ТУАДЫ» АТТЫ ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ ӨТКІЗІЛДІ. «ТУҒАН ЖЕРГЕ ТАҒЗЫМ» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖҮЗДЕСУДЕ БЕЛГІЛІ СУРЕТШІ-ЗЕРГЕР ЕСТАЙ ДӘУБАЕВ ЗЕРГЕРЛІК ӨНЕР ЖАЙЫНДА ӘҢГІМЕ ӨРБИТТІ.

Кітапхана меңгерушісі Жанар Жақыбаеваның айтуынша, кездесуді ұйымдастырудағы мақсат – оқырмандарды отандық атақты зергерлермен, олардың өнерімен таныстыра отырып, зергерлік өнер туралы мәліметпен қанықтыру.

Т. Жүргенев атындағы Қазақ Өнер Академиясының доценты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Суретшілер Академиясының академигі, Халықаралық Карл Фаберже орденінің кавалері, Халықаралық Тұран сыйлығының лауреаты, Ө.Қастеев атындағы алтын белгі иегері және зергер-суретші Естай Серікбайұлы жастайынан ұлттық қолөнерге қызығып өседі. Шебердің сөзінше, бала шағынан сырғақ пен текемет басатын әжесіне қолғабыс тигізе жүріп, қазақы түрлі ою-өрнектер мен бұйымдар арқылы осынау өнер саласына қызығушылығы ояныпты. Мектеп бітірген соң көркемсурет училищесіне оқуға түсіп, жастайынан ерекше бейімін байқатқан қолөнер саласындағы білімін кәсіби дәрежеде жетілдіреді.

– Қазіргі таңда еліміздегі зергерлік өнер жоғары дәрежеде дамыған. Оған дәлел, жылына 1-2 рет халықаралық көрмелер мен фестивальдерге қатысып тұрамыз. Көптеген шет мемлекеттерде өткен көрмелерге қатысу барысында байқағаным, асыл тастар мен қымбат металлдан жасалған зергерлік өнерге қызығушылық жоғары. Әсіресе қазақтың ұлттық зергерлік бұйымдары да ерекше назар аудартады. Ал, осындай тартымды бұйымдарды қолдан жасайтын зергер болу үшін міндетті түрде сурет өнерін меңгеру керек. Төзімділік пен шыдамдылықты қажет ететін бұл салада зергер өз ісіне шынайы беріліп кірісетін болса керемет туындыларды шығаруға болады, – дейді Естай Дәубаев.

Онлайн жүздесуде өзінің шығармашылығымен таныстырып, зергерлік бұйымдарын назарға ұсынған ол оқырмандардың сұрақтарына жауап бере отырып, зергерлік өнердің қыры мен сыры жайлы кеңінен ой толғады.

Л.КӘЛІМХАН.

ШАРА

ЖАЗУШЫМЕН ЖҮЗДЕСУ

Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалында «Туған жерге тағзым» жобасы аясында Қазақстан журналистер одағының мүшесі, «Алтын тобылғы», «Алтын қалам» әдеби сыйлықтарының иегері, «Сүлікқара», «Қызыл сақа», «Тибет аруы» атты кітаптардың авторы жазушы Есболат Айдабосын мырзамен кездесу өтті.

Өз кезегінде автор шығарған кітаптарына жеке-жеке тоқталып, соңғы шыққан 4 бөлімнен тұратын «Тибет аруы» кітабы жайында баян етті. Мәселен, дала тарихын құрайтын бөлімінде Жетісу өңірінде өмір сүрген Байсерке, Қожеке сияқты күйшілер туралы зерттеген тарихи жазбалары кіргендігін әңгімеледі. Ондағы мақсат қазақтың күй өнеріндегі көмескіленіп, ұмытыла бастаған тұлғаларды оралту екендігін де айтты.

Шара барысында оқырмандар автордың өмір жолымен, шығармашылығымен кеңінен танысты. Сондай-ақ, өздерінің сауалдарын қойып, тұщымды жауаптар алды.



С. ҚАЖАЕВА,
Өтенай ауылдық №5 кітапхана филиалының меңгерушісі.

ОБРАЗОВАНИЕ

СОЦИАЛЬНЫЙ ПРОЕКТ АНАСТАСИИ КОРМУШИНОЙ, УЧЕНИЦЫ 11 КЛАССА НАЗАРБАЕВ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ШКОЛЫ ГОРОДА ТАЛДЫКОРГАН ВЫИГРАЛ 300 ТЫСЯЧ ТЕНГЕ НА КОНКУРСЕ СТАРТАПОВ.

БРАТЯ МЕНЬШИЕ, А ЗАБОТЫ БОЛЬШИЕ

Конкурс проводился в рамках гранта общенационального проекта «BIRGEMIZ: TAZA ALEM» при поддержке Министерства информации и общественного развития Республики Казахстан.

Волонтерский проект Анастасии нацелен на сферу зоозащиты, а именно на стерилизацию бездомных животных в городе Талдыкорган.

По словам волонтера, бездомных животных в городе можно встретить довольно часто, и они создают ряд проблем для жителей.

Сделав личное исследование, Анастасия выяснила, что в городе нет ни приюта для животных, ни какого-либо центра передержки. Остаются открытыми проблемные вопросы: нападение на людей, переносчики заболеваний, загрязнение городских свалок, и самое важная проблема – плодovitость.

— Если смотреть с точки зрения морали, не этично уничтожать отловленных животных лишь из-за факта их существования. Ведь по большей части люди сами виноваты в этой проблеме, уклоняясь от ответственности за того, кого сами и приручили. Поэтому стерилизация остается одним из самых



гуманных методов борьбы с бездомными животными, - высказала свое мнение Анастасия Кормушина.

Помогать братьям меньшим стала многолетней традицией для девушки. В стенах Назарбаев Интеллектуальной школы ею был создан проект «Приют надежды», направленная на кормление бездомных питомцев. На данный момент активисты школы сотрудничают с общественным объединением волонтеров-зоозащитников «Зооклубом», где помогают найти хозяев для бездомных животных, кормят, строят

будки, ухаживают. Теперь Анастасия нацелена решить проблему быстрого размножения животных.

— Мой проект по стерилизации уже запустился, на данный момент мы обработали уже семь бродячих собак. После операции ухаживаем, многие из них обрели новых хозяев. Такими маленькими, но уверенными шагами я надеюсь мы привлечем внимание общественности к проблеме бездомных животных, - подытожила ученица Интеллектуальной школы Анастасия Кормушина.

По данным управления ветеринарии Алматинской области, в прошлом году на отлов и уничтожение бродячих собак и кошек из областного бюджета было выделено 93 млн тенге. За первое полугодие поймали и уничтожили порядка 19 тысяч собак и кошек. Как вы думаете, так ли нужно решать проблему по бездомным животным? Или же проект Анастасии должен иметь дальнейшее развитие?

Карина Пфайфер

КРАЕВЕДЕНИЕ

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ПАРК

Иле-Алатауский национальный парк был организован в 1996 году. Расположен на северном склоне хребта Иле-Алатау (Тянь-шань) на высоте 800-5000 м. Ниже горных склонов парка расположены леса с яблочками, абрикосами, боярышниками, шиповником и другими плодовыми деревьями, которые являются дикими видами культурных растений. В средней части горных склонов находятся реликтовые леса шренковской ели. Ель Шренка - высота 50 м, диаметр ствола - 2 м, верхний край кипарисообразный. Устойчивые растения могут расти во влажных и сухих местах, в отличие от других елей можно размножить с помощью ветвей. Расположившись в верхних лесосеменных полосах, образуя малые леса, нарушенные хозяйственной деятельностью. В верхней части пояса расположены ельные леса, редкие, густые травяные леса. В верхней части продолжается засушливый вид, а затем Аршалынский лес. Более широкие альпийские луга, высокогорные степи и пустыни, более высокие - ледники и скалы. В парке имеются горные озера, водопады и величественные пейзажи. Встречаются 60 видов животных, 170 видов птиц, некоторые можно встретить на пешеходных и туристических дорогах. В Казахстане в природных средах встречается более 200 видов сельскохозяйственных растений, 90% — родственники пищевых растений.

В этом парке также находятся знаменитое урочище Кок-Жайлау, величественное по красоте Большое Алматинское озеро, пик Конституции высотой 4540 метров, термальные

источники: радоновые в бассейне реки Большая Алматинка, на базе которых создан санаторий «Алма-Арасан», и кремнисто-термальные — «Горельник» и «Тау-Тургень». Искупавшись в этих минеральных водах, вы подкрепите свое здоровье и получите массу приятных ощущений в теле. В Иле-Алатауском парке растет много лекарственных растений: здесь вы можете собрать пижму, тысячелистник, мать-и-мачеху, шиповник, валериану, рябину, можжевельник, боярышник, одуванчик, подорожник и много других полезных для здоровья ягод и трав. Фауна Иле-Алатауского парка не менее разнообразна, чем флора. Обитающий здесь снежный барс вам во время прогулки, конечно, вряд ли встретится, зато булавобрюх, алайский гологлаз, водяной уж и узорчатый полоз вполне могут попасться на глаза. Так что внимательно глядите по сторонам в поисках интересных животных. Редко, но в горах можно встретить ядовитых змей — степную гадюку и цитомордника. Кроме того, здесь обитают волки, лисы и медведи.

В Алматинском областном историко-краеведческом музее им. М. Тынышпаева расположена диорама Иле-Алатауского национального парка, что показывает нам прекрасные места данного объекта, помимо этого здесь представлены вниманию посетителей чучела животных, обитающих на территории данного парка.

Эльмира НУРАХМЕТОВА,
Экскурсовод Алматинского
историко-краеведческого музея
им. М. Тынышпаева

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

НА СЧЕТА ВКЛАДЧИКОВ ЕНПФ НАЧИСЛЕНО БОЛЕЕ 871,9 МЛРД ТЕНГЕ ЧИСТОГО ИНВЕСТИЦИОННОГО ДОХОДА



С начала 2020 года по состоянию на 1 сентября на счета вкладчиков ЕНПФ было начислено более 871,9 млрд тенге чистого инвестиционного дохода, что на 443,1 млрд тенге больше в сравнении с аналогичным периодом прошлого года. Напомним, что за 8 месяцев 2019 года чистый инвестиционный доход составил 428,8 млрд тенге.

Доходность пенсионных активов за 8 месяцев составила 7,88% при инфляции за аналогичный период 4,6%. Годовая доходность (август 2019 - август 2020) составляет 10,1% при инфляции 7%. Таким образом, реальная доходность является положительной.

Если рассматривать

более длительные периоды, то за время управления активами Национальным Банком Казахстана с 2014 года по 1 сентября 2020 года доходность составила 83,2% при уровне инфляции 64,6%. Реальная доходность пенсионных активов превысила 18,6%.

С даты введения в Казахстане накопительной пенсионной системы в 1998 году до 1 сентября 2020 года чистый инвестиционный доход превысил отметку в 5 трлн тенге. Инвестиционная доходность за это время с нарастающим итогом составила 583,6%. При этом инфляция нарастающим итогом составила 480,6%. Таким образом, реальная доходность пенсионных активов

на 1 сентября 2020 года составила 103%.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

на 1 сентября 2020 года составил 428,8 млрд тенге.

ВКЛАДЧИКИ ЕНПФ ПОЛУЧИЛИ СВЫШЕ 11 МИЛЛИОНОВ УСЛУГ В ОНЛАЙН-ФОРМАТЕ

Единый накопительный пенсионный фонд на 1 сентября 2020 года оказал своим вкладчикам 11,8 миллионов услуг. По сравнению с аналогичным периодом 2019 года показатели снизились незначительно на 0,9%. При этом, несмотря на сложившуюся эпидемиологическую ситуацию и пандемию коронавирусной инфекции (COVID-19), в связи с которыми был принят ряд ограничительных мер в целях недопущения распространения опасного вируса и обеспечения безопасности работников и населения, вкладчики ЕНПФ продолжали получать услуги в полном объеме.

Сохранить объем оказанных услуг вкладчикам ЕНПФ удалось благодаря отлаженной работе электронных систем Фонда. Из всех оказанных на 1 сентября текущего года услуг 92,4% или 10,9 млн. операций было проведено в онлайн-формате. По сравнению с прошлым годом популярность электронных услуг выросла на 13,2%. С помощью Личного кабинета, который есть как на сайте, так и в мобильном приложении ЕНПФ, большинство наших вкладчиков, не выходя из дома получают целый спектр услуг - это получение выписки с индивидуального пенсионного счета, внесение изменений и дополнений в свои реквизиты, получение справки о наличии ИПС, подача заявления о назначении пенсионных выплат в связи с установлением инвалидности 1 или 2 группы бессрочно, отслеживание статуса заявления на выплату (или) переезд и многое другое.

После ослабления ограничительных мер и с открытием наших филиалов в очном режиме работы с соблюдением всех мер безопасности, таких как предварительная запись на приём, проветривание, влажная уборка и дезинфекция, часть вкладчиков обслуживается в офисах Фонда. За восемь месяцев 2020 года 820,8 тыс. услуг было оказано в наших филиалах.

В ЕНПФ имеются и отделы выездного обслуживания, которые на 1 сентября предоставили 74,4 тыс. услуг вкладчикам ЕНПФ. На данный момент данный отделы функционируют с привлечением не более 50% от штатной численности с соблюдением строгих санитарно-эпидемиологических мер. При этом осуществляется предварительная консультация (в том числе проверка на возможность получения услуг онлайн, либо очно). В случае возникновения потребности в выездном обслуживании для оформления заявлений об открытии индивидуальных пенсионных счетов по учету обязательных профессиональных пенсионных взносов (в том числе заявлений о присоединении к договору о пенсионном обеспечении за счет обя-

зательного профессионального пенсионного взноса) и обслуживания вкладчиков (получателей), относящихся к категории социально-уязвимых слоёв населения (инвалиды 1-2 группы), они осуществляют выезд с соблюдением всех санитарно-эпидемиологических мер.

Напомним, что некоторые услуги ЕНПФ можно получить и в 300 отделениях национального почтового оператора АО «Казпочта». В городах и селах, где нет центров обслуживания ЕНПФ, вкладчики могут получить услуги, за предоставлением которых раньше нужно было ехать в ближайшие крупные населённые пункты. Так с начала года, в отделениях «Казпочты» нашими вкладчиками было получено 2392 услуги.

Отметим, что одной из задач ЕНПФ является предоставление качественных консультационных услуг и развитие информационных каналов для вкладчиков и получателей Фонда. Так, за 8 месяцев текущего года по сравнению с аналогичным периодом прошлого года практически в 2,4 раза увеличилось количество обращений вкладчиков по каналу обратной связи: 942,3 тыс. обращений в 2020 году, против 410,7 тыс. обращений за аналогичный период 2019 года.

Напомним, получить консультацию вкладчики и получатели ЕНПФ могут в call-центре по номеру 1418 (Звонок по Казахстану бесплатный), а также консультации можно получить на корпоративном сайте www.enpf.kz, посредством чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18 и на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter Telegram, Одноклассники.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫС КӨП, АУҚЫМДЫ ІСТЕР АЛМА ТҰР

Соның бір көрінісі ретінде Кербұлақ ауданы әкімдігінің ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті. Мұндағы мақсат – аудандағы іске асқан жобаларды көрсету. Осы ретте аудан әкімі Махаббат Бигелдиев БАҚ өкілдерімен бірге аудандағы ауылдарды аралап, жұмыс барысымен таныстырды.

Махаббат Сәдуақасұлының айтуынша, «Жұмыспен қамту жол картасы» аясында ауданда 59 жоба іске қосылған. Оның ішінде 49 жоба аяқталып, оған 3 млрд. 500 млн. теңге көлемінде қаржы жұмсалған. Сондай-ақ осы жылдың сегіз айы бойынша барлық экономикалық көрсеткіштер толығымен орындалып, алға қойған жоспарлар іске асуда. Жұмыспен қамту жол картасы бойынша 300-ден аса жұмыс орны ашылу керек болса, аудандық жұмыспен қамту орталығы 150 адамды жұмысқа орналастырған.

Кербұлақ ауданы әкімінің орынбасары Нұрлан Бақтыбайұлы бастаған тілшілер тобы алдымен аудандағы бетке ұстар «Қызылшоқы» ЖШС-



Елбасы Н.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында «Жұмыспен қамту жол картасы» бекітілген болатын. Осы бағдарлама аясында Республика бойынша қарқынды жұмыс атқарылуда.

Ал, ауданда 68 мың 988 бас ірі қара өсірілуде, 9 мал бордақылау алаңымен 7 тауарлы сүт фермасы жұмыс жасайды. Бұл мал шаруашылық кешендерінде 240 бас ірі қара бордақыланып, 860 бас сиыр сауылады.

Қожалықтың тыныс-тіршілігімен танысқаннан кейін Сарыбастау ауылына бардық. Ауылда шағын футбол алаңының ашылу салтанатына куә болдық. Аудан әкімі қызыл лентаны қиып, шағын алаңда алғаш болып доп тепті. Ауыл балалары осындай спорт алаңын ашып берген аудан әкіміне алғыс айтып, бірден футбол ойнауға көшті. Спорттық ойын алаңы шағын футбол және волейбол ойнауға арналған алаң құрылысына 7 млн. 530 мың теңге жұмсалған.

Кербұлақ ауданында 141 спорттық кешен бар. Аудан халқының 31,5 пайызы спортпен шұғылданады.

Бұдан кейін табан тіреген жер Сарыбастау орта мектебі болды. Келген қонақтарды жүздері қуанышқа толған оқушылар қарсы алды. Аудан әкімі күрделі жөндеуден өткен мектептің лентасын қиып, қонақтар жаңа ғимараттың ішін аралап көрді. Үш қабатты мектептің іші жарық, интернет орнатылған, информатика, физика, химия барлық пән бойынша кабинеттер жұмыс жасап тұр. Оқушыларға да жағдай жасалған, санитарлық талаптар сақталған, бір партаға бір оқуша ғана отырады. Оқушыларды мектепке кіргізер алдында дене қызыуын өлшеп, қолдарына антисептик себеді.

– *Сарыбастау орта мектебі 1979 жылы салынған, ірге көтергелі бірінші рет күрделі жөндеуден өтіп тұр. 640 оқушыға арналған мектепте қазір 153 оқушы білім алуда. 30 мұғалім жұмыс істейді, контингент саны 190-ды құрайды. Мектеп алды даярлық тобы бар, бір топ шағын орталық бар. Орталықта 30 бала бар. Алдағы уақытта «Сарыбастау орта мектебі» мектепке дейінгі шағын орталығымен болады. Мектебіміз күрделі жөндеу жұмысынан өткеніне қуаныштымыз. Аудан әкіміне алғысымыз шексіз»* – деді мектеп директоры Фаризат Жанысбекова.

Айта кетейік, білім ошағының жөндеу жұмысына өңір қазынасынан 467 млн. 395 мың теңге бөлінді.

Осыдан кейінгі барған

жеріміз Әбікен Сарыбаев атындағы аудандық мәдениет үйі болды. Күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатқан ғимараттың жұмыс жайында да ақпарат берілді. Мәдениет үйінің жөндеу жұмысына 302млн. 105 мың теңге бөлінді. Алдағы қарашада жұмыс толық аяқталып, Тәуелсіздік күніне орай ашылу салтанаты болады деп күтілуде екен.

Сонымен қатар, ауданда газдандыру мәселесі мен ауыз су жүйесі де қолға алыныпты. Бүгінгі таңда кешелерде газ құбырын орнату ісі басталыпты. Аудан басшылығының сөзінше, құрылыс 8 ай келемінде аяқталып, ауыл толығымен



газдандыруға көшеді деген жоспар бар.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 35 көшеге асфальт төселіп, 48 көшеге түнгі жарық шамдар орнатылыпты.

Аудан орталығында Шоқан Уәлихановтың 185 жылдық мерей тойына орай саябақ салынууда. Ал, саябақтың құрылыс жұмысына 150 млн. теңге бөлінген. Жер көлемі 2,7 гектарды құрайды. Саябақта орталық стадион, ұлттық бұрыш (этно ауыл), спорт блогы, жан жағында жүгіру жолағы, Ш.Уәлихановтың мүсіні және ең қызығы ашық аспан астындағы жазғы кинотеатр болады деп жоспарланыпты. Бүгінде құрылыс жұмысына 48 адам жұмылдырылған. Құрылыс ісін қолға алған мердігер-компания бұл істі келер жылы аяқтамақшы.

Кезекті табан тіреген жер

Кербұлақ ауданында «2015-2019 жылдарға арналған аймақтарды индустрияландыру картасы» бағдарламасы аясындағы Қазақстан мен Сингапур бірлескен «Alasem» ірі цемент зауыты болды. Құрылысы аяқталуға шақ қалған зауыт қазір сынақ үшін цемент өндіруді бастап кетіпті. Зауыттың өндіріс қуаты жылына – 1млн. 200 мың тоннаны құрайды, тәулігіне 500-600 тонна цемент өндіреді. Жалпы жоба құны 47 млрд. теңге, құрылыс жұмыстары 2018 жылы басталған. Биыл жұмыс толығымен аяқталып, салтанатты түрде ашылу салтанаты болады деп күтілуде екен.

Зауытта қазір 200 адам жұмыс істейді, алдағы уақытта 150 адамды жұмысқа алу жоспарда бар. Зауыт жұмысына алдыңғы қатарлы технологиялар мен құрылғылар орнатылып, зиянды заттардың ауаға таралуына жол бермейтін сапалы сүзгілер қойылыпты. Ал ең төменгі жалақы, яғни жұмысшылар үшін 140-160 мың теңге болса, инженерлерге төленетін еңбекақы 200 мыңнан жоғары. Сонымен қатар, «Alasem» ЖШС жылына 2 млрд. салық төлейді. Демек, аудан және облыс экономикасының дамуына үлкен үлес қосады.

Мұнан соң Шоқан Уәлихановтың құрметіне орай орнатылған ескерткішке барып, тағзым етілді. Ескерткіш Сарыөзек ауылынан 22 шақырым жерде орналасқан екен. Биіктігі бес метр, алқызыл граниттен жасалған. Жанында Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы Константин Кауфманның өз қаржысына жасатқан құлпытас орнатылған. Бірақ бұл құлпытастың көшірмесі, түпнұсқасы Ш.Уәлиханов музейінде сақталған.

Осы орайда Шанханай ауы



не табан тіреді. Шаруа қожалығының жұмысымен аталмыш серіктестіктің орынбасары Алдан Бекиев таныстырды.

Айтуынша, шаруа қожалығы 1997 жылы Сарыбастау ауылдық округінде құрылған. Негізгі бағыты егін және мал шаруашылығы. 11 000 гектар жердің 3000 гектары егістікке, 8000 гектары жайылымға бөлінген. Алқаптан 15 центнер күздік бидай және 10 центнер жаздық бидай өнімі алынған. Биыл ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 19 млрд. 543 млн. теңгені құрайды. Осы жылы алқапқа күздік бидай, арпа, бұршақ және жүгері егілген. Алдағы жылы соя мен рапс егуді жоспарлауда екен.

Қазіргі таңда егін науқаны аяқталып, көктемгі дала жұмыстарына дайындық басталып кетіпті.

Осы жылы аудан әкімінің қолдауымен «Қызылшоқы» шаруашылық орталығына 480 млн. теңгеге жаңа техникалар алынған. Одан бөлек 3 – комбайн, 5 – «Белорусь» тракторы, 5 – К-700 тракторы, 3 – КАМАЗ, 5 – тұқым сепкіш техникасы бар. Шаруашылықта 10 адам тұрақты жұмыс істесе, маусымдық уақытта жұмысшылар саны 50-60-қа дейін барады екен. Ал, орташа жалақысы 42500 теңге мен 150 мың теңге аралығында. Сонымен қатар шаруашылықта 500 бас ірі қара, 150 бас жылқы және 2000 бас қой, ешкі өсіріледі.



ҰЛТ САУЛЫҒЫ

Қандай да бір мемлекеттің дамуы халық денсаулығына да байланысты екені белгілі. Сондықтан, елімізде бұл салаға баса назар аударылып, ұлт саулығын жақсарту үшін қажетті барлық жағдай жасалып келеді. Денсаулық сақтауды қаржыландыру үшін мемлекет тарапынан қыруар қаржы бөлініп, жаңа емдеу орталықтары да әр жерден бой көтеруде. Солардың бірі – Талдықорған қаласындағы жаңа ықшам ауданда еңсе тіктеген алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсету орталығы.



аппараттары, лор-комбайн сынды тағы басқа да қажетті құрал-жабдықтармен толықтай қамтамасыз етілген. Тағы бір айта кетерлігі, Талдықорған қаласы көлемінде балалардың көз ақауларын дәрі-дәрмектің көмегімен емдейтін жалғыз кабинет біздің орталықта орналасқан, – дейді Е. Еділханұлы.

Атақты ғалым Ибн Сина «Дәрігердің үш құралы бар: жылы сөз, шипалы

уақытта баспана кезегіндегі мамандардың «5-10-25» бағдарламасы аясында үйлі болуы үшін өтініш берілген.

Антына адал дәрігерлік мамандықты таңдау үлкен жауапкершілікті жүктейтіні көпке мәлім. Осындай қиын да қызықты саланың ауыр жүгін арқалап жүрген жас маманның бірі – Әсем Қайратқызы. Бірнеше жыл бұрын жоғары оқу орнын тәмамдаған ол қызметін туған ауылындағы дәрігерлік амбулаторияда дәрігер болудан бастаған.

– Жарты жыл ауылда қызмет



АНТЫНА АДАЛ АҚ ХАЛАТТТЫЛАР

Аталмыш орталық Талдықорған қалалық №1 емхананың бөлімшесі ретінде жұмысын бастағанына бір жылдан асты. Орталық алғашында 17 мың тұрғынға қызмет көрсеткен. Қаладағы 6, 7, 8-ықшам аудандарды қамтыған мекемеге жаңадан қолданысқа берілген коттеджді қалашық қосылып, бүгінде жалпы саны 19 мыңға жуық адамның денсаулығына бақылау жасап отыр. Емхана екі бөлімшеден құралса, соның бірі – жалпы тәжірибелік дәрігерлер бөлімшесі. Мұнда 10 учаскелік пункт жұмыс атқаруда. Орталық меңгерушісі Ерасыл Еділханұлының айтуынша, таяу арада бұлардың қатары тағы бір бөлімшемен толықпақ.

– Біздің орталық қызмет көрсететін шағын аудандардағы тұрғындар санының өсуіне байланысты тағы бір учаскелік бөлімше қосу жоспарда бар. Қазіргі таңда сол үшін жұмыстар жасалуда. Себебі, 1 тәжірибелік дәрігерге 1700 тұрғын тіркелуі тиіс. Бүгінде тұрғындарды қабылдайтын 10 учаскелік бөлімшеде 9 жалпы тәжірибелік маман қызмет атқарады. Мұндағы дәрігерлердің барлығы дерлік жас мамандар. Клинико-диагностикалық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін екінші бөлімшеде 12 бағыттағы 14 маман жұмыс істейді, – деген орталық меңгерушісі маман тапшылығының жоқтығын айтады.

Жыл өткен сайын өңір медицинасы қанатын кеңге жайып, мүмкіндіктері арта түсуде. Оған дәлел облыс көлеміндегі жаңадан бой көтерген емдеу орталықтарының барлығы заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілуі. Бұған қоса халыққа сапалы қызмет көрсету деңгейі күн өткен сайын артып келеді.

– Орталық былтыр ғана қолданысқа берілгендіктен, ғимаратішіқазіргізаманға сай медициналық технологиялармен жабдықталған. Мәселен, мұндағы мамандар инструментальдық зерттеу

өсімдік және өткір пышақ» деген екен. Алдына келген науқастың жылы сөзбен жанын, дәрі-дәрмек пен пышақ арқылы тәніндегі дертін жазатын ақ халаттылар да келбеті келіскен осынау мекемеде қызмет атқаратындарына дән риза. Солардың бірі – 25 жылдық тәжірибесі бар маман Гауһар Бармақова. Ол алғашқы еңбек жолын облыстық перинаталдық орталықта бастап, кейіннен қалалық емханада учаскелік педиатр болып жұмыс жасайды. Соңғы үш жыл көлемінде балалар

сапасыз қызмет көрсетілді деген сөз емес. Тек қазірде емханаға келушілердің де, дәрігер мамандардың да уақытын тиімді пайдаланып, жылдам көмек көрсетуге барынша жағдай жасалған. Мәселен, қазір орталыққа келетін тұрғындарды тіркеу алдын ала электронды түрде жүргізіледі. Жеке кітапша мен талон арқылы дәрігерге қаралу өткен уақыттардың еншісінде қалды. Яғни, жеке сәйкестендіру нөмірі арқылы әр келуші жайлы мағлұматтар алып, қажетті шараларды

атқарғаннан кейін, Талдықорған қалалық №1 емханасына терапевт, соңынан осы орталыққа жалпы тәжірибелік маман ретінде ауыстым. Әр нәрсені бастағанда өзіндік қиындықтары болатыны белгілі ғой. Әсіресе, ауылдық жерде қызмет атқарудың біршама қиыншылықтары бар. Мәселен, елді мекендердегі амбулаторияларда мұндағыдай медициналық жабдықтар болмағандықтан, көп жағдайда науқастарға көмек көрсетуде қиындықтар туындайды. Алайда, мейлі қала, мейлі ауылда болсын, медицина саласында қызмет атқару асқан жауапкершілік пен ұқыптылықты талап етеді. Мысалы, қазір учаскелік дәрігер болып қызмет атқаратын болғандықтан, еңбектеген баладан еңкейген қартқа дейін қарауыма тура келеді. Сол себепті, жан-жақты маман болуымыз қажет. Осы орайда біз сияқты еңбек жолын жаңа бастап жатқан жастар үшін тәжірибесі мол, білікті дәрігерлердің ақылы мен жол көрсетуі маңызды деп ойлаймын, – деген жас маман алдыңғы аға буыннан әлі де үйренерім көп деп есептейді.

Мұндай мамандарды даярлауда медициналық мекемемен бірге тәжірибелі дәрігерлер де үлкен үлес қосады. Ширек ғасырын осы салаға арнаған кардиолог Гауһар Бармақованың пікірінше, саладағы жас мамандар жоғары деңгейде қызмет атқаруда. Себебі, олардың барлығы заманауи технологияны жетік меңгерген, озық үлгідегі аппараттармен еркін жұмыс жасай алатын өз ісінің білгірлері.

– Орталықта көптеген жас мамандар қызмет атқарады. Оларға тәжірибе жетіспеуі мүмкін, алайда білімі таяз деп айтуға келмейді. «Көш жүре түзеледі» демекші, оқыған білімі мен біліктілігін осында іс жүзінде жүзеге асыру арқылы жетілдіреді деп ойлаймын, – дейді ол.

Бүкіләлемдік пандемия жағдайында да қалалық емхана қалтқысыз қызмет атқарып, тұрғындарға барынша көмек көрсете білді. Карантин уақытында бес мың адамға бір мобильдік топ құрылып, емханада оқшаулау кабинеті ашылған. Фильтр бөлмесінде медицина қызметкерлерінің ауруды жұқтырмауына көңіл бөлініп, сақтық шараларын толығымен орындалды. Ал алдағы уақытта болжанған коронавирустың екінші толқынына емхана қызметі барынша дайын екендерін айтады.



кардиологы болып қызмет атқарып келетін ол қазіргі медицинаның жеткен жетістіктері сала мамандары үшін өте қолайлы екенін айтады.

– Заман көші ілгерілеген сайын медицина да күн санап дамып, түрлі жаңалықтарды жаратуда. Өзім алғаш қызмет жолымды бастаған жылдармен салыстырғанда бүгінгі таңдағы қызмет көрсету сапасы әлдеқайда жоғары. Бұл бұрынғы уақыттарда науқастарға

жасауға мүмкіндік бар. Мұның барлығы өз кезегінде тұрғындар мен дәрігерлер үшін өте қолайлы, – дейді Г. Баймырзақовы.

«Жас келсе, іске» дегендей, орталықта Алматы облысы әкімдігі мен облыстық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен жас мамандарға ерекше көңіл бөлінеді. Айта кетсек, жақында ғана Талдықорған қалалық емханасының қос бірдей дәрігері баспана кілтін алса, соның бірі осы орталықтың қызметкері. Алдағы

Дүйсенбі - Понедельник, 19 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 04.10 Өнұран
06.05 «Konil tolqynu».
06.15 «Masele»
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 «Келін Өні»
12.00 «Niet»
13.35 «Тұлға»
14.00/х «Ханзада».
15.10,21.30 «Қанатсыз құстар-2».
16.05 «Арта».
17.00, 20.00, 01.30 AQPAPAT
17.15 «Қызық екен...»
20.30 «Ashyq alan»
21.30 «Айнымас айғаным»
22.30 Т/х «Фатмагүл»
00.00«Жүзден жүйрік»
02.00 «Ashyq alan»
02.50 «Niet»

03.10 «Той заказ»
03.35 «П@УТИНА»
04.05 «Ұшқалақ»

КТК

07.00 ҚР ӨНҰРАНЫ
07.05 «Мәссаған»KZ
07.50 «Дау-дамайсыз»
қайталау
08.20 Т/х «Сағыныш»
10.30 «Иная реальность»
10.30,01.40 «Вторая молодость»
12.50 «Обмен»
17.00 Т/х «Өмір сабағы»
18.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 Астарлы ақиқат
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40Х/ф «Тайная любовь»
23.45 О/д «Морские дьяволы северные рубежи»
01.30 «Последний в роду»
03.00 Т/х «Астарлы ақиқат»
03.50, 05.00 Т/х «Қара теңіз»

ХАБАР

06.00, 02.00 ҚР Өнұраны
06.00 Тамаша
07.15, 18.00 «Удачная сделка»
09.15, 17.00 Тұсаукесер «Qalamaimyn»
10.20 Телехикая «Бақталас».
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 «COVID-19»
Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен»
13.10 Т/с «Чужое гнездо»
14.00 Т/с «Дети сестер»
15.00 Тұсаукесер «Бүгін»
Тікелей эфир
16.10, 22.50 Т/х «Келінжан-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт».
Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
21.40 Ток-шоу «Хабарлас»
01.00 «Әсем әуен»
00.40 Д/ф «Культура равнодушия»

ЖЕТИСУ

07.00 Өнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.30 «Дәрігер кеңесі» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
20.25 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Әдебиет пен адамзат»
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы»
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Өнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны
06.00 «Неге?»
07.10 концерт «Шаншар»
08.50 «Реальная белка-2»
11.00 «Три богатыря и наследница престола»
13.00шоу«Экстарсенсы против детективов»
15.00 «Кел, татуласайық»
18.00 шоу«Экстарсенсы против детективов»
20.00 Информбюро
21.00 «Консультант.Лихие времена»
22.10 «Ганга»
00.15 «Кел, татуласайық»
04.00 «Ризамын»
02.60 Алдараспан, Нысана,Шаншарөзілдері
05.00 Өзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.10 «Дұрдараз ғашықтар»
07.20, 22.30, 04.00 Т/х «Элиф»
08.40 Т/с «Три дороги»
13.00,20.20Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
14.00, 03.10 Т/х «Азулы әулет»
15.10, 02.50 «Q-елі»
15.50 «Анна детектив»
16.10,23.15 «Все к лучшему»
17.00 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
18.10 Т/с «Горячая точка»
21.20 Т/х «12күн»
22.00 Т/х«Ата-ана бала шаға»
00.20 Х/ф «Великолепная семерка»
04.50 «Өз ойым»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Когда зовет сердце»
07.00 «Той заказ»
07.30 «BastyBagdarlama»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.00 «Qoslike»
15.40«На самом деле»
16.45 «Формула мести»
18.00 «Басты Жаңалықтар»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 «Чужой район-2»
22.00 «П@УТИНА»
22.50 «Чужой район-2» продолжение
00.50 «Белые волки»
01.40 «П@УТИНА»
02.25Т/х «Когда зовет сердце»

Сейсенбі - Вторник, 20 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Көшпенділер»
Деректі фильм
06.30, 17.00, 20.00, 00.00 AQPAPAT
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 «Келін Өні»
12.00 «Niet»
13.35 «Жан жылуы»
14.00 «Ханзада»
15.10, 21.30 Т/х «Айнымас Айғаным».
16.05, 00.00 «жарқын жүздесу».
17.15 «Қызық екен»
20.30, 03.00 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Фатмагүл»
00.50 ФУТБОЛ. УЕФА ҰЛТТАР ЛИГАСЫ
02.45 «Ashyq alan»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.15, 18.00 Премьера «Удачная сделка»
09.15, 17.00 Тұсаукесер «Qalamaimyn»
10.20 Т/х «Бақталас»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 «COVID-19»
Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен»
13.10 Т/с «Чужое гнездо»
14.00 Т/с «Дети сестер»
15.00 «Бүгін» Тікелей эфир
16.10, 23.30 Т/х «КЕЛІНЖАН-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль» Тікелей эфир
21.00 Итоги дня
22.30 Т/с «Орындалмас арман»
23.15 Профессиональный бокс
01.15 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.00, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «ҰЛЫ ХАНША»
14.00 НОВОСТИ
14.45 «Ментовские войны»
16.00 «Aitaym bar»
17.00, 00.40 «БҰЙЫМТАЙ» отандық телехикая
18.00 Т/х «Белгісіз жан»
20.00,01.50 ASTANA TIMES
20.55 Loto 5/36. Прямой эфир
02.50 «Біреудің есебінен» деректі драма
03.35 «KazNet»
03.55 Т/с «Не ври мне»
05.30 «Шімән апаның хикаялары»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 02.55 Т/х «Когда зовет сердце»
06.45, 03.40 «Той заказ»
07.15, 18.00 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.00 «Qoslike»
15.40 «На самом деле»
16.45 Т/с «Формула мести»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 Т/с «ЧУЖОЙ РАЙОН-2»
22.00, 02.10 «П@УТИНА»

22.50 «ЧУЖОЙ РАЙОН-2» продолжение
00.50 Ночной кинотеатр.
«Белые волки»
02.50 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар
07.30 Мерекелік концерт
08.00 Т/х «Сағыныш»
09.30 НОВОСТИ
10.10, 01.30 «ПО ТУ СТОРОНУ СМЕРТИ»
12.30 О/д «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
14.50, 21.40 «ТАЙНАЯ ЛЮБОВЬ»
17.00 Т/х «Өмір сабағы»
18.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00, 02.20 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
23.40 О/д «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
02.20-03.00 «КТК» қоржынынан

ЖЕТИСУ

07.00 Өнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Арнайы репортаж»
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы»
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Өнұран

31 КАНАЛ

06.00 Ризамын
06.20, 02.30 Алдараспан, Нысана, Шаншар өзілдері
06.50 Информбюро (повтор)
07.50 Т/с «Ганга»
10.00 «Whats up?»
11.15, 21.00 Т/с «Консультант. Лихие времена»
12.25 «ЗНАХАРЬ»
15.00 «Кел, татуласайық»
18.00 Сериал «Кухня»
20.00 Информбюро
00.10 «Кел, татуласайық»
04.00 Ризамын
05.00 Өзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.20 «ДҰРДАРАЗ ҒАШЫҚТАР»
07.30, 15.10 «Q-елі»
07.50, 22.25 Т/х «Элиф»
09.00,17.00 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
10.10, 18.10 Т/с «ГОРЯЧАЯ ТОЧКА»
12.30 «первые среди равных»
13.00, 20.20, 02.10 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
14.00, 03.10 Т/х «Азулы әулет»
16.10, 23.15 Т/с «Все к лучшему»
21.20 Т/х «12 күн»
21.50 «Ата-ана бала-шаға»
00.15 «Твои, мои, наши»
04.45 «Өз ойым»

Сәрсенбі - Среда, 21 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.00, 03.50 Өнұран
06.05 «Көшпенділер»
Деректі фильм
06.30, 14.00,17.00, 20.00, 00.00 AQPAPAT
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 «Келін Өні»
12.00 «Niet»
13.35 «Тұлға»
14.10, 22.30 Т/х «Ханзада».
15.10, 21.30 Т/х «Айнымас Айғаным».
16.10 «Ауылдастар».
16.45 «Көне Тараз».
Деректі фильм
17.05 «Қызық екен»
20.30 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Фатмагүл».
00.00 «Қымбат жандар»
00.50 ФУТБОЛ. УЕФА. ЧЕМПИОНДАР ЛИГАСЫ.
Тікелей эфир
03.00 «Ashyq alan»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.15, 18.00 «Удачная сделка»
09.15, 17.00 Тұсаукесер! «Qalamaimyn»
10.20, 00.25 Т/с «Бақталас»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 «COVID-19»
Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен»
13.10 Т/с «Чужое гнездо»
14.10 Т/с «Дети сестер»
15.00 Тұсаукесер! «Бүгін».
Тікелей эфир
16.10, 23.35 Т/с «Келінжан-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Баспанаға бағыт»
21.00 Итоги дня
22.30 Т/х «Орындалмас арман»
01.00 «Әсем әуен»

АСТАНА

06.00 «Өн мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 16.55 «Үздік әзілдер»
08.00, 14.40 М/ф «Маша и медведь»
10.00, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/с «Сүлеймен сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы ханша»
14.00 Новости
14.05 Документальный фильм
14.45 Т/с «Ментовские войны»
16.00 «АЙТАРЫМ БАР»
17.00 «Бұйымтай»отандық телехикая
18.00 Т/х «Белгісіз жан»
20.00,01.10 ASTANA TIMES
20.55 LOTO 6/49
00.40 «Бұйымтай»
02.50 «Біреудің есебінен»
03.35 «KazNet» ғаламторға шолу
03.55 Сериал «Не ври мне»
05.30 «Шімән апаның хикаялары»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Когда зовет сердце»
06.45 «Той заказ»
07.15 «Басты Жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «МУЖСКОЕ/ЖЕНСКОЕ»
12.00 «Qoslike»
15.40 «На самом деле»
16.45 Х/ф «Формула мести»
18.00, 02.25 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20.50 Т/с «Чужой район-2»
22.00 «П@УТИНА»
22.50 «Чужой район-2»
Продолжение
00.20 Ночной кинотеатр

«Белые волки»
01.40 «П@УТИНА»
02.25 «Когда зовет сердце»
03.10 «Той заказ»
03.35 «П@УТИНА»
04.20 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар (қайталау)
07.30 «Мерекелік концерт»
08.00 «Сағыныш» Т/х
09.30 НОВОСТИ (повтор вечернего выпуска)
10.10 «По ту сторону смерти»
12.30 «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
14.50 «Тайная любовь»
17.00 «Өмір сабағы»
18.00 «Кектен туған махаббат»
19.30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
20.00 «Астарлы ақиқат»
21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21.40 «Тайная любовь»
23.40 «Морские дьяволы. Рубежи Родины»
01.30 «По ту сторону смерти»
02.15 «Астарлы ақиқат»
03.05,04.10 «Қара теңіз»

ЖЕТИСУ

07.00 Өнұран
07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Экорейд»
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы»
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости
23.55 Өнұран

31 КАНАЛ

05.58 ҚР Өнұраны
06.00 Ризамын (каз)
06.20, 02.35 Алдараспан, Нысана, Шаншар өзілдері (каз)
06.50 Информбюро
07.50, 22.15 Т/с «Ганга»
10.00 «Whats up»
11.20, 21.05 Т/с «Консультант лихие времена»
12.30 «Знахарь»
15.00 «Кел, татуласайық»
18.00 «Экстрасенсы детективы»
20.00 Информбюро
23.25 «Кел, татуласайық»
03.00 «Ризамын»
04.00 Өзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.10 «Дұрдараз ғашықтар» Т/х
07.20 Скetchком «Q-елі»
07.50, 22.30, 04.00 Т/х «Элиф»
09.00, 17.00 Т/с «Тайны госпожи Кирсановой»
10.10, 18.10 Т/с «Горячая точка»
12.30 Первые среди равных
13.00, 20.20 Сериал «Жалдамалы Қалыңдық»
14.00, 02.50 Т/х «Азулы әулет»
15.10, 02.00 Скetchком «Q-елі»
16.10 Сериал «Все к лучшему»
17.00 Сериал «Тайны госпожи Кирсановой»
18.10 Сериал «Горячая точка»
20.20 Сериал «Жалдамалы қалыңдық»
21.10 Т/х «12 күн»
21.50 Т/х «Ата-ана. Бала-шаға»
00.15 Х/ф «Месть пушистых»
04.50 «Өз ойым»

МАМАНДЫҒЫ – МАҚТАНЫШЫ

«МЕДИЦИНА АДАМДЫ ЕМДЕСЕ, ВЕТЕРИНАРИЯ АДАМЗАТТЫ ЕМДЕЙДІ»

БІЛГІРЛЕРІМІЗДІҢ БІРІ «МЕДИЦИНА АДАМДЫ ЕМДЕЙДІ, АЛ, ВЕТЕРИНАРИЯ АДАМЗАТТЫ ЕМДЕЙДІ» ДЕП АЙТҚАНЫ БАР. РАСЫНДА, МАЛ ДӘРІГЕРІ ДЕГЕН ЖАН-ЖАНУАР МЕН АДАМ АРАСЫНДАҒЫ ҚАЛҚАН БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. ӨЗДЕРІҢІЗ ЖАҚСЫ БІЛЕТІНДЕЙ, ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ БІР-БІРІМЕН КЕЗДЕСІП, АМАНДАСҚАНДА ЕҢ БІРІНШІ «МАЛ-ЖАН АМАН БА?» ДЕП СҰРАҒАН. ӨЙТКЕНІ, МАЛ – ХАЛЫҚТЫҢ ТҰРМЫС-ТІРШІЛІГІ, КҮНКӨРІС КӨЗІ. АСЫРАП ОТЫРҒАН МАЛЫНЫҢ САУЛЫҒЫ ОЛ ОТБАСЫНЫҢ ҒАНА ЕМЕС, БҮКІЛ ХАЛЫҚТЫҢ САУЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗІ. АЛ МАЛДЫҢ ЖАНЫН ТҮСІНІП, ТҮРЛІ ДЕРТТЕРДЕН ЕМДЕП ШЫҒАРАТЫН МАМАНДАР БҮГІНДЕ ӨТЕ АЗ. ДЕСЕК ТЕ, ДӨЛ ОСЫ САЛАНЫ ӨМІРЛІК МАМАНДЫҒЫ ЕТІП, ЖҰМЫСЫН МАХАББАТПЕН ЖАСАП ЖҮРГЕН ЖАНДАР АЗ ЕМЕС. СОЛАРДЫҢ БІРІ БІЛІКТІ МАМАН, ЖАС БОЛСА ДА ӨТЕ ТӘЖІРИБЕЛІ МАЛ ДӘРІГЕРІ БОЛАТБЕК ІЗТІЛЕУОВ.



Еңбек жолын Ескелді ауданы, Көкжазық ауылының мал дәрігері болып бастаған Болатбек қазіргі таңда осы ауылдың бетке ұстар азаматы.

«Халқымыз кеңес одағының бодандығында болғанға дейін ұлтымыздың негізгі кәсібі мал шаруашылығы болғаны белгілі. Қазақ өзі баққан малының төлін баласындай күтіп, тіпті перзентін сол төрт түлік төлінің атауымен еркелеткен, яғни «Ботам», «Құлыным», «Қошақаным» деген сияқты. Мал ауырса баласындай күтіп, емдомын жасап, жазып алған. Бала шағымнан сондай күтімді көріп өскендіктен мен де осы саланың маманы болуды армандадым. Малдарды емдеу, оларға жағдай жасау мен үшін жаным тынышталатын жұмыс еді. Оқу бітірген соң ойланбастан мал дәрігерлігіне тапсырып, үздік бітірдім. Бүгінде осы саланың маманымын», – деген Болатбек Қойшыбекұлы мал деген қазақ халқының берекесі екендігін де айтты.

Ветеринария қызметінің орасан зор маңызға ие болатынының тағы бір себебі, адам ауруларының 70-80 пайызы мал және одан алынған өнімдерден беріледі. Ауру малдардың еті мен сүтінен, жүні мен терісінен, тікелей қарым-қатынаста болған адамдар түрлі жұқпалы және паразитарлы

ауруларға ұшырайды. Сол себепті де мал дәрігерлеріне түсер жауапкершілік көп. Соны басты міндеті санайтын Болатбек Қойшыбекұлы әр малды емдегенде аса ұқыптылықты басты орынға қоятынын айтады. Ата-анасы, бауырлары мен жолдасының да ылғи қолдау көрсетіп оған қанат бітіретінін айтқан Болатбек болашақта бұл саланың нағыз майталманы болуды армандайтынын жасырып қалмады. Ал оның ата-анасы баласының еңбексүйгіштігіне, адалдығына риза екендерін жеткізді.

«Болатбегім бала кезінен малжанды болды. Біздің малымыз өте көп болатын. Бір күні бір жылқыны сататын болғанбыз. Ұмытпасам, ол кезде Болатбек 6-7-сыныпта оқиды. «Жылқыны саттыңдар» деп жылағаны әлі есімнен кетпейді. Әрі мал сойғанда бізге үнемі өкпелеп жүретін. Өз мамандығын жанындай жақсы көреді. Менің әкем мықты мал дәрігері болған. Нағашы атасына тартқан болар деп қоямыз. Негізгі әр адам өз мамандығын осылай сүйсе, керемет қой. Жұмысынан еш шаршаған емес. Малы ауырып шақырғандарға күн демей, түн демей шапқылап кетеді. Бір шағым айтып, шаршадым деген емес. Сол үшін де баламмен мақтанамын. Ауыл тұрғындарының көңілінен шығуға барынша

тырысады», – дейді анасы Айман Ізтілеуова «Сен істі сүйсең ғана, іс саған бас иеді», – демекші, мал дәрігері болу үшін білімділік пен біліктілік, өз мамандығына, жан-жануарға деген көңіл қажет. Мал дәрігерінің жұмысы өте жауапты іс. Себебі, азық-түлік қауіпсіздігінің сақталуы мал дәрігерінің жұмысына тікелей байланысты. Бүгінде елімізде мал дәрігері мамандары жетіспеуде. Ал, осындай жауапты мамандықты таңдап, көптің алғысына бөленіп, көңілінен шығып жүрген Болатбек Қойшыбекұлының еңбегін көкжазықтықтар бағалап, құрметтейді.

Ауыл тұрғыны Заке Байделдинованың айтуынша, Болатбектің жұмысына 100 пайыз көңілі толады. Қай уақытта шақырса да ренішін білдірмей, тез арада жетіп, малдарын емдеп беретінін, ал көршісі Сергей Иванов оның тек білікті маман ғана емес, адамгершілігі өте жоғары екенін айтады.

«Әр ата-ана үшін баласының жетістігі үлкен қуаныш деп ойлаймын. Кенже балам Болатбек осы мамандықты жанындай жақсы көріп, бүгінде сол еңбегінің жемісін көріп отыр. Баламды мақтан тұтамын. Ауылдастарымыз өте құрметтейді. Маған соның өзі үлкен мәртебе», – дейді әкесі Қойшыбек Ізтілеуов.

Ауылдың қай тұрғыны болмасын Болатбек туралы жақсы пікірде. Тек өз ауылы ғана емес көршілес жатқан ауыл-аймақ та Болатбек Қойшыбекұлының біліктілігін ескеріп, арнайы шақыртады екен.

«Алғаш жұмысқа орналасқанда қорқыныш болды. Кейін тәжірибелі ағалардың ақылымен, бағыт-бағдарымен көп нәрсені үйрендім. Әлі де

үйренеріміз көп. Көп іздену, еңбектену керек. Әр жұмыстың өз қиындығы болады. Менің мамандығымның қиындығы – мал ауырған жерін айтпайды, малдың ауруын дәл, шатастырмай тауып, емдеу. Ол үшін университетте алған білімімізді, ағалар айтқан ақылды іс-тәжірибеде ұштастырып, еңбек ету керек», – дейді ол.

Ізтілеуовтер отбасында мал дәрігерінен бөлек, заңгер, құрылысшы да бар. Олардың әрқайсысы өз істерінің маманы.

ТҮЙІН ОРНЫНА: Халықтың денсаулығын адам мен жануарға ортақ аурулардан қорғау, ветеринарлық-санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағын жұқпалы және экзотикалық аурулардан қорғау – ветеринар мамандардың міндеті. Ветеринар маманы өз ісіне атүсті қарауына болмайды. Малдың кеселі – адам денсаулығына кесірін тигізуі әбден мүмкін. Сондықтан өз ісін сүйетін, жауапкершілік қасиеті жоғары мамандарымыз, ауылына, халқына, Отанына жаны ашитын жастарымыздың, азаматтарымыздың көп болуы саладағы проблемалардың түйінінің шешілуіне негізгі себеп болмақ.

Г. ЕРДӘУЛЕТОВА.



ПРАЙМЕРИЗ

АЛҒЫС ХАТ ПЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Партиялық тізімге енетін депутаттардың сапалық құрамын мейлінше жақсарту мақсатында 17 тамыз бен 3 қазан аралығында партияшілік сайлау өткізілгені баршаға аян. Бұл аралықта қатысушылар халыққа сайлауалды бағдарламаларымен таныстырып, пікірсайысқа қатысып, тұрғындармен кездесу өткізді.

Пікірсайыс барысында қатысушылар аудан көлеміндегі ең өзекті мәселелерге қозғау салып, ұсыныс-пікірлерін білдіріп, туындаған сұрақтарға жауап қайтарды. 1-3 қазан аралығында онлайн форматта дауыс беріліп, нәтижесінде аудан көлемінде 3241 партия мүшесі дауыс беріп, өз таңдауын жасады.

«Nur Otan» партиясының партияшілік іріктеу барысында Ескелді ауданының әкімі, «Nur Otan» партиясы аудандық филиалының төрағасы Р. Рақымбеков облыс әкімі А. Баталовтың алғыс хатымен марапаттады.

Партия төрағасы Рауан Тұрданғазыұлы праймеризге қатысушыларды марапаттауда: «Өздеріңізге белгілі болғандай, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізіп, ашық пікір сайысқа қатыстыңыздар. Аудан көлеміндегі мәселелерді талқылап, ел үшін жасай алатын бағдарламаларыңызбен таныстырдыңыздар. Ағымдағы жылдың 1-4 қазан аралығында партия мүшелері өз таңдауын жасап, онлайн форматта дауыс берді. Елімізді дамыту, гүлдендіру мақсатында праймеризге бейжай қарамайтын партия мүшелері белсенді қатысты. Сол мақсатқа жету жолында праймеризді өткізу барысында ел игілігін еселеуге тигізген үлестеріңіз орасан зор», – деп, барлық кандидатқа алғысын білдірді.

Марапаттау рәсімі санитарлық талаптарды сақтай отырып өткізілді.

Ш. ХАМИТОВ.

ОРАҚТЫ БАТЫРДЫҢ ТУҒАНЫНА 600 ЖЫЛ

Жалғасы. Басы өткен сандарда

Жазушы Ораз ағамыз неге:

1. А.Абдрахмановтың есімін жазбаған және «қолдан көшіріп алған жазуына» сенуіміз керек.

2. З.Қиынбаеваның мақаласы Балқаш аудандық газетте шыққандығын біліп ағамыз қазақ радиосының Талдықорған облысы бойынша меншікті тілші бола тұра неге Балқаш ауданын басшылары немесе редакция арқылы сол шыққан мақаланы сұрап алмады деген сұрақ тағы туындайды.

3. Мақаланы жазған З.Қиынбаеваның ағамыз кім екенін анықтап, өзімен сөйлесіп мақаланы толық зерттеуге болатындығын тағы да айтпақпыз.

ЕСІМІ ЕЛ
ЕСІНДЕГІ

ОРАҚТЫ БАТЫР

Мен тарихшы ретінде З.Қиынбаеваның мақаласына сеніңкіремеймін. Себебі ол да бұл аңыздарды кімнен жазып алғандығын жазбаған. Бұл менің жеке пікірім.

«Қазақстан Ұлттық Энциклопедиясында» Қызылорда облысындағы Шиелі ауданында Оқша-ата (Мерген ата) қорымы (кесенесі, мазары) Жалайырға кіретін Орақтының арғы Орақ батырдың лақап аты екен. Кейінгі ұрпақтары оны әулие санап, атын тура атамаған көрінеді... деп жазылған. (ҚҰЭ 3 том, Алматы, 2001 ж. 483-бет).

Бұл қазақ халқының бас сөздігі қаһарман Орақты бабамыз туралы, осылай хаттаса қуануымыз, мақтануымыз зерттеуіміз керек емес пе?

Оқша «Мерген ата» Ер Орақты бабамыз екендігіне өзім сенімдімін. Бұл әлі де зерттеуді керек етеді.

Енді қаһарман Орақты батыр есіміне қайта оралайық. Орақтанудың негізін қалаушылардың бірі Ораз ағамыз «Ойрат соғысының қаһарманы» мақаласында: «Орақты және Орақты есімді сегіз батыр болғанын байқаймыз» (Сызған-К.Н.) деп жазған (Жерұйық 8 қыркүйек 1995ж.). Бірақ жазушы олардың аты-жөнін жазбаған.

Қарымды қаламгер Серік Әбікенұлы Орақты бабасы туралы өзінің мақаласында 4 Орақты аттас адамдарды келтірген:

1. Орақ батыр Мұсаұлы (17 ғасыр)
2. Орақ қазалық батыр (18-19 ғасыр)
3. Орақ Байдалдаұлы (19 ғасыр)
4. Орақ Алшағырұлы (15 ғасыр)

Осы жолдың авторы:

5. Орақ шешен (Арғын)
6. Орақ батыр (Арғын - Қарауыл)
7. Орақ Манақұлы (600-691жж)
8. Орақты батыр (Қоңырат 15 ғасыр)

Іздей берсек тағы да Орақты аттас есімдер табылып қалар...

Ал Орақты Баһадүрдің әкесі Алшағыр (Әлшәгір) аттастар:

1. Алшағыр Едігеұлы (Ноғайлы)
2. Алшағыр Шешен (Арғын)
3. Алшағыр қалмақ ханы
4. Алшағыр Бозайұлы (Сіргелі)
5. Алшағыр (Жалайыр)

Енді тағы да көп сұрақ тудыратын мәселеге көңіл бөлейік. Ол Орақты батырдан тараған Андас туралы. Қазбек бек Тауасарұлы өзінің 1776 жылы жазған «Түп-тұқұяннан өзіне шейін» деген естелік-шежіре кітабында (Алматы, Жалын 1993): «...Орақтыдан 9 бала (сонда 66-бет) жалайырдан – Орақты, оның ішінде Андас-тан тарайтын (сонда 95-бет). Алғашқы шоғыншы Жалайыр-Бәйшегір Мөңке деген жігіт андас тұқымнан болатын (сонда 286-287-бет) делінген Шапырашты-Асыл Қазыбек бек шежіресінде.

Алғашқы 9 ұлды Баһадүр Орақты басқа да деректемелерінде жазылған.



Орақты батыр
(Жақан Бөлшентегінің кітабынан)

Екінші Андас Орақтыдан тарағандығын бұл еңбектен білдік.

Үшінші Бәйшегір Мөңке бұл он үш ата Жалайырдың бір ірі ру атасы. Ол қалай Андас тұқымынан екендігі белгісіз?

Бұған тағы қосарымыз быыл Бәйшегір бабамыздың (1370-1457жж) туғанына 650 жыл толып отыр.

Бұндай кереғар пікірлер көптеп кездеседі бұл еңбекте.

Ал белгілі жазушы Илияс Есенберлин өзінің «Көшпенділер» трилогиясының бірінші кітабы «Алмас қылышта» Орақ

батыр туралы бірнеше бетте жазған. Бірақ оның әкесінің аты, тегі анықталып жазылмаған.

Белгілі Қараталдық өлкетанушы Жақан Балшен-Тегі қаһарман Орақты Манақұлының туған қайтыс болған жылдарын 600-691жж деп жазған екен.

Тағы бір мәселеге көңіл бөлейік. Ел үшін жер үшін жанын аямаған орта ғасырлық Орақты батыр бабамыздың қолда бар әр түрлі алты бейнесі, портреті немесе суретінің әлі күнге дейін біреуін ғана таңдап, ұрпақтарының санасына әлі де

сіңіре алмай келе жатқанымыз өте өкінішті.

Ер Орақты бабамыз туралы аңыз бен ақиқатты әлі де келтіруге болатын еді, бірақ газет көлемі көтермейтіндіктен, бұл мәселені қысқартуға жөн көрдік.

Биыл әлем халқы коронавирус пен пневмония деген 16 наурыздан бастап жаман індетке ұшырап отыр.

Талай тарихи тағлымды жобаланған мерейлі мерекелі шаралар өтпей жатыр. Жылдағыдай 3-4 мерекені «оптом» өткізіп гүрілдеп-дүрілдеп жатушы едік, тірі адамға тіршілік қымбат қой, сондықтан ел аман жұрт тыныш болғандығын тілейміз. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, сақтануымыз керек. Айтылған режимді міндетті түрде орындағанымыз жөн болар.

Биыл сол мерейлі мерекелі тойлардың бірі қазақтың хас батыры Жалайыр Орақты Алшағырұлының (1420-1501жж.) туғанына 600 жыл толып отыр.

«Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, ел тегі алсын қайдан кемеңгерді» деген екен құларгер ақын Илияс Жансүгіров.

Ұрпақтары биыл 16 ақпанда Баһадүр бабаға арнап Сарыөзек жерінде тұратын ұрпақтары шақырылып, ас берілді. Батырға арналған іс-шаралар талқыланды.

Бабамызға ескерткіш орнату деректі телефильм түсіру, кітап, күнтізбе шығару сынды жұмыстармен қатар, батырдың басында дулығы бар түрлі-түсті суреті таныстырылды, қор құрылды.

Алматы облыстық, аудандық газеттерде, «Жетісу» телеарнасында бабамыз туралы мақалалар, өлеңдер жариялана бастады.

Мақала соңында баба ұрпағы ретінде бір ұсыныс бар қазақтың елі мен қасиетті жері үшін ерлік көрсетіп бүкіл өмірін арнап, жанын қиған ұлы тұлғалардың бірі әрі бірегейі хас батырдың есімін ардақтап өзіне мәңгілік топырақ бұйырған Балқаш ауданына беруіміз керек, бұны жер жөннаты Жетісудың жұршылығы да қолдайды деп есептеймін.

Орақты батыр ол тек қазақтың аға тайпасы атанған, Ұлы жүздің ноқтағасы, он үш ата жалайырдың батыры ғана емес, ол алты алаштың қаһарман батыры қазақ хандығының негізін қалаушылардың бірі.

Ұрпақтары өсіп-өніп, егемендікке жеткендігін айтпақпыз, биыл бабамыздың 600 жылдығын әурақ үшін, қазақ үшін, келешек ұрпақ үшін ұлы батырды мәңгілік есте қалдыру бұл – ұрпақ өтініші деп санауымыз керек сияқты.

Замандар өтер ұрпақтар алмасар бірақ, Орақты батыр қазақ тарихында мәңгі қала бермек.

Құлтай НҰРҚАЛБАЙҰЛЫ,
тарихшы, өлкетанушы,
зейнеткер
Талдықорған қаласы

Әзіміне

Қарабура ағашы

Қоқандықтардың қазақтарға салатын салығының бірі – қыз салық екен. Олар келе жатқанда, қазақтар қыздарын бермеу үшін түрлі амалдар жасапты. Бетін күйелеп, үстеріне жаман киімдерді іліп, ер балаша киіндіріпті. Бірде Ерназар атамның көшін тексеріпті. Салық жинаушы байқап қараса, әпкеміздің отырысы ер баланың отырысына ұқсамайды. «Мынау ер бала емес қой, қыз ғой, төсін ұстаймын», – дейді қоқандық. Бұл, әрине, намысқа тиетін нәрсе. «Тұр, бері кел», – деп қызды шақырғанда, Шақайдың шешесі: «Әй, тумай кеткір, бес ит, қарындастарыңның төсіне жүндес сарттың қолын тигізгенше, өлмейсіңдер ме?» – деп, ұлдарына күйіне айқай салыпты. Шешесінің сөзіне шыдамаған Шақай қылышын суырған бетте сарттың басынан тартып кеп жіберіпті. Ол сол жерде мүрдем кетіпті. Қасындағыларды да қырып салыпты. Болған жайды бала-шаға түгел көріп тұрған.

Сөз жата ма, біреуден біреу естіп: «Ойбай, Шақай салық жинауға шыққан Қоқанның жандайшаптарын өлтіріп тастапты», – деген қаңқу сөз ел арасына тарап кетеді. Қоқандықтар өз еліне алып кетсе, әрине, өлім жазасына кеседі. Адамдары келіп, сұраса: «Өлтірген жоқпын, өз бетімен жүрген салық жинаушыларда нем бар, мен – ақпын. Өлтіргенімді көрген адам болса, тауып әкеліңдер», – деп мойындамапты. Елдің көбі оның өлтіргенін көзімен көрсе де, «өлтіріп едің ғой», – деуге қаймығады. Айтайын десе, адуын мінезді Шақайдан қорқады, айтпайын десе, қоқандықтар қырып кетуі мүмкін. Содан қоқандықтардың билері мен қазақтың билері бас қосып, ақылдасады да, «жан беру» деген үкім береді. «Жан беру» деген – Қарабура әулиенің шыбығын кесу екен. Қоқанның елі де Қарабураның әуауынан сескенетін көрінеді.

Қарабураның басында өсіп тұрған бұл ағаштың ерекшелігі: егер адам шынын айтса, кескенде – мөлдір түсті су ағады да, өтірік айтса – қан түсті қызыл сұйықтық шығады-мыс. Сондықтан киелі ағаш саналған. Бұл ағашты шапқаннан жауды шапқан оңайырақ болыпты. Көп адам оны шауып, куәлік еткеннен құн төлеп, құтылғанды құп көріпті.

Билердің айтуымен Шақай батыр жанына Таманың үш-төрт батырын ертеді де, Қарабураның шыбығын кесуге шығады. Оларға екі жақтың да адамдары ілеседі. Жақындағанда қасындағы жолдасының бірі: «Әй, Шақай, сен өлтіріп едің ғой. Мен бұл антқа тұра алмайды екенмін. Жауға шапқанда жүрегім дір етпеуші еді. Мына істен тұла бойым қалтырап, қылышымды қыннан суыруға дәтім бармай тұр. Сен басташы!» – депті. Сонда Шақай: «Қарабура өз атам ғой, өз атам маған не істей алады? Өзім соның ұрпағымын ғой», – дейді де, атпен келе жатқан бойы қылышын ала салып, шыбықтарды шауып өткенде, қан шапшып шыққан көрінеді. Оның қара екені, яғни, кінәлі екені дәлелденеді, бірақ билердің уәдесі бойынша құн төлеуден босатылады.

Сол кезде Қарабура әулиенің шырақшысы: «Ой, өзің Ғайып-Ерен, Қырық Шілтен демеген батыр екенсің. Бірақ артыңды әуақ әкетті-ау...» – деп, өкініш білдіріпті. Шақайдың ұлы Есеттен Алтай болат, Шақай болат, Жанболат атты үш ұл тараған деседі. Үшеуі де қылыштай жарқылдаған өткір, бірінен-бірі өткен батыр болыпты. Есеттің қартайған шағында үшеуі бірдей ауырып, қайтыс болып кетіпті. Бар баласынан айырылып, құдай шөккен қария: «Енді менің тірі жүргенімнен не пайда?» – деп аң ұрып, өз-өзіне қол жұмсапты. Бір әулеттің оты осылай өшіпті.

Бозтайлық

Отарбай мен Қонысбай – бір атаның балалары. Қонысбай елуден аса қайтыс болып, артынан әйелі де бақилық болыпты. Басқа балалары түрлі кеселдерден шетінеген екен, кенжесі Пұсырман жетім қалады. Баланың бесікте жатқанда атастырылған қалыңдығы Жағалбайлының ішіндегі Есендерден екен. Айттырған қызы өзінен екі-үш жас кіші болса керек. Пұсырман бес-алты жасқа толғанда қайын жұрты: «Балалар бір-біріне үйрене берсін», – деп, туыстарынан сұрап, қолына алыпты.

Он үш жасқа келгенде қайын атасы: «Сен ержетіп келесің, өз еліңе бар, көмелетке келгенде, туыстарыңмен бірге келіп, қалыңдығыңды

ЕСКІРМЕЙТІН ЕЛ ШЕЖІРЕСІ

алып кетерсің», – дейді де, оны туысқандарына аттандырады. Балаға бір тай, бір киімдік бөз және шідер беріп, шығарып салады. Баланы орта жолдан ел кезген Қоқан батыры тоқтатады. Бала оның кезенген ұзын мылтығынан қорқып, тайынан түсіп, басын көлегейлеп, жерге отыра қалады. Жаңағы адам баладан жөн сұрап, қайдан және қайда келе жатқанын біледі. Со-сын: «Әлі жас бала екенсің, тайыңа тиіспей-ақ қояйын, барар жеріңе жете алмай, өліп қаларсың. Бірақ бөзінді аламын, киім тіккізуге болады екен және шідеріңді аламын, тек бұны ешкімге айтпайсың», – деп, уәдесін алып, жөнеле береді.

Бала ауылға жақындағанда алдынан аң аулап жүрген Отарбайдың баласы Кенбай

тырынан алып берген боз тайлағы өте өсімтал болып шығып, одан ылғи боз түйелер тараған екен және атамсыз туыстарының ішіндегі түйесі көп адам болыпты. Пұсырман он алты жасқа толғанда қайын жұртына барып, қалыңдығын алып келеді. Туыстары қос тігіп, оларды бөлек отау етіп шығарады.

Ықыластың Ерденді жұбатуы

Кіші жүздің Жеті руының бірі – Тама. Біз Таманың Жөгісінен тарайтын Шақаның Жарық атасына жатамыз. Жарықтан тараған ұрпақтан небір батыр, шешен, сал, күйші шығыпты. Ықылас Дүкенұлы – Жарықтың шөпшегі.

Ықылас атамның күйші атағының

қайғылы оқиғаны қатар өріп, сарыны жан езілтер күй шертеді. Сырттағылар сол мезетте шыққан қалпында қалшыып, селт етпей тыңдап тұрып қалады.

Ерден ішке кірмекші болғандарды қолымен жасқап, кіргізбей, күйдің аяқталуын күтеді. Сөйтеді де: «Әй, Тамалар, мен ұры емес, сендер ұры екенсіңдер. Мынадай дарынды қалай жасырып жүргенсіңдер? Менің баламды тіріліп жатыр, қоя тұрыңдар», – депті көзіне жас толып. Бала тартып біткен соң, қобызды орнына іледі де, отыра қалады. Сырттағылар ішке енеді. Ерден: «Сен тарттың ба?» – деп сұрайды. «Кешіріңіз, мен тартқан едім», – дейді Ықылас. Біраз отырады да, Ерден өзінің адамдарына: «Әй, мына жоқшылардың тұяғына



көкесі жолығады. Алыстан біреуді байқаған Кенбай: «Анау қарайған кім?» – деп саңқ ете қалады. Пұсырман оны даусынан танып, жылап қоя береді. Кенбай жақындап, атынан түсе қалып, құшағына алғанда, баланың жүрегінің тарсылдап тұрғанын байқайды. «Құлыным-ау, не болды, неден қорықтың?» – дегенде, бала жылап жібереді. Бірақ тіс жармайды. «Сенен уәде алған екен ғой, бірақ қылыш үстінде серт жүрмейді, шыныңды айт», – дейді. Ақыры мән-жайды білген соң, қай бағытқа кеткенін сұрайды да, соңынан атойлап ұмтылады. Құралайды көзге атқан Қоқан батыры қуғыншыны байқап, мылтығымен көздеп атқанда, Кенбайға оқ тимейді. Негізі, Кенбай да әкесі Отарбай сияқты әуақты кісі болса керек. Қоқан батырын шоқпарымен салып өткенде ол дәрменінен айырылып, сауға сұрайды. Кенбай: «Онда балаға ат-шапан айыбыңды бересің», – депті. Батырдың атының қасында жетектеген боз тайлағы бар екен, соны айыбына береді де, ауылына барып еліне: «Мен өзімді Жөгінің батырына алдырдым», – деп, жатып қалады.

Кейін басқаларға: «Басында соңымнан қуған бір кісі сияқты еді, бірақ тұра қалып, мылтығымды көздеп атқанда, менің алдымда қырық адам тұрғандай көрініп, оғым жаңылысты», – депті.

Ал Кенбайдың Пұсырманға Қоқанның ба-

шығуына себеп болған оқиға – барымташылық. Бірде туыстарымыз Қырықбойдақтардың екі үйір жылқысын Ұлытаудың Наймандары барымталап айдап кетеді. Сол жылқының ішінде Ықылас атамның айғырға салып жүрген бәсіре жылқысы да бар екен. Наймандардың басшысы аға сұлтан Ерден Сандыбаевқа өз арыздарын айтпақшы болып, бұлар оның ауылына жол тартады.

Жоқшыларды Қырықбойдақтардың үлкені Үкілі Аманжол деген кісі бастап келеді. Сөйтсе, Ерденнің ержетіп қалған баласы Әйменде қайтыс болып, аға сұлтанның қатты қайғыда отырған кезі екен. Бұлар сұлтанның үйіне түсіп, көңіл айтады, келу себептерінен де құлаққағыс етеді. Қонақтарға тамақ дайындалып жатады. Ерденнің көңіл-күйі жоқ, қобызын анда-санда ыңырантып тартып қояды. Ықылас аспапқа қызығып, тартқысы келеді. Бір кезде барлығы сыртқа шығып кетеді.

Атамсыз қолыма түсті ме дегендей, жүгіріп барып, қобызды ала салып, бірден тарта жөнеледі. Қобыздың құлағы қоңыр күйде тұр екен. Сол дыбыспен бір әуенді ойнай бастайды. Ол кезде Ықыластың жасы он бес-он алтыда, Ерденнің қаза болған баласының өзімен қатарлас болғаны, қыршын кеткені, әке қайғысы баланың жүрегіне тиіп, боздаған бір зарлы әуенге салады. Өз өмірі мен мына

тұяқ, құлағына құлақ беріңдер», – деген жарлық түсіріпті. Келгендердің барлық жылқысын түгендетіп береді де, Ықыласқа: «Сен енді бір жыл менің қасымда бол, күйіңмен қайғымды сөйлітіп, азайтасың», – дейді де, топты бастап келген Үкілі Аманжолдан Ықылас атамның сұрап алып қалады. Бұлар барған кез күз мезгілі көрінеді. Қайда барса да, қасынан тастамапты. Рулы елге ықпалды аға сұлтанның қасында жүрген Ықыластың қобызшы атағы жан-жаққа тарайды.

Бір жылдан соң атамсызды еліне қайтарғанда Ерден алдына «дәулетің ассын» деп мал салып береді. Әке-шешесінің қасына келіп туғандарымен қауышқан Ықылас атамсыз өз өнерінің арқасында ырыс-құты артып, дәулетті әулетке айналыпты. Түсіпбектің мыңғырған малы Ерденнен алып келген түліктерден тараған дейді. Ал Ықылас атамсыздың Ерденнің алдында алғаш тартқаны бүкіл елге «Қоңыр» деп таралып, кейін «Ерден» атаныпты. Ерден Сандыбаев – Шоқан Уәлихановпен сайлауға түсіп, жеңіп шыққан, Арқаға аты мәлім байлардың бірі болған екен.

Ақерке САЙЛАУҚЫЗЫ
(«Қазақ әдебиеті» сайтынан алынды)

ИНТЕРВЬЮ

«Профессия врача – это подвиг, она требует самоотвержения, чистоты души и чистоты помыслов. Не всякий способен на это», — сказал замечательный земский врач Антон Павлович Чехов. Люди этой профессии действительно удивительны по своей натуре, ведь мало кто из нас способен с полной самоотдачей следовать своему делу. Порой в их сторону раздаётся много критики и недовольства, но все мы понимаем, что лишь врачи, каждый день стоя на том риске, который порой не подвластен ни обстоятельствам, ни даже законам жизни. Сегодня мы познакомимся с одним из лучших врачей центральной районной больницы Ескельдинского района врачом-педиатром Гасниченко Любовью Николаевной.



— Как часто педиатр должен осматривать ребенка? Что включает базовый осмотр? До какого возраста ребенок должен проходить такие осмотры именно у педиатра?

— Для каждого возраста есть определенное количество обязательных осмотров. К примеру для малышей до года это обязательный ежемесячный осмотр.

Как я уже и говорила мы начинаем следить за ребенком с 12 недели беременности т.е. дородовой период и до 15 лет. Если ребенок находится в какой-либо группе риска, то осмотры нужно проводить конечно же чаще.

Базовый осмотр включает в себя оценку состояния здоровья, физического и психического развития, питания, консультацию родителей.

— Сейчас ведутся острые дискуссии о вреде прививок, есть даже ярые противники которые отказываются делать их детям, опасаясь аллергии или каких-либо серьезных последствий, ваше мнение как специалиста — стоит ли делать ребенку прививки?

— Прививки нужно делать однозначно, это очень важно, ведь речь идет о здоровье ребенка. Наше государство предоставляет бесплатные вакцинации детям, к тому же

можно, пока ребенок маленький. Потом они консерваторы и неохотно пробуют что-то новое.

Также далеко не последнюю роль в развитии ребенка играет правильный режим дня. Он позволяет скорректировать периоды активности и сна, насколько бы ребенок не был активен не стоит забывать про здоровый сон.

— Что в состоянии ребенка – сигнал для визита к педиатру? С какими симптомами надо вызывать врача?

— Сигналов конечно же много. В первую очередь это высокая температура, неоднократная тошнота, потеря сознания и т.д. С такими симптомами лучше сразу вызвать врача домой.

Конечно, родители всегда должны быть на связи со своим педиатром. Я всегда стараюсь общаться с родителями, вести разъяснительные беседы и давать советы.

— Вы до сих пор сталкиваетесь мифами о здоровье детей?

— Такое конечно же бывает, даже в наше время. Я всегда стараюсь все объяснить родителям и конечно же развеять мифы. Здесь как я уже говорила важно обсуждение и общение с врачом. Для меня здоровье ребенка всегда на первом месте и я искренне стараюсь помочь и детям и конечно же родителям.

— Какие советы вы чаще всего даете родителям, которые очень переживают за

Любовь ГАСНИЧЕНКО:

“ПРИВИВКИ НУЖНО ДЕЛАТЬ ОДНОЗНАЧНО”

Педиатр рассказала о том, как надо относиться к своей работе и дала несколько советов молодым родителям.

— В медицине столько разных направлений и каждое из них по-своему увлекательно и очень важно. Почему из всех направлений вы выбрали именно педиатрию?

— Медицина это мое призвание, могу с уверенностью сказать, что люблю свою работу и конечно же детей. Пожалуй, любовь к детям и стала решающим фактором в выборе моей профессии. За детьми наше будущее и забота о них и их здоровье это очень важно не только для врачей и родителей, но и для все страны.

— Почему именно сельская больница? — Карабулак это моя маленькая Родина, я искренне люблю это место.

После обучения решила, что хочу посвятить свою жизнь здоровью местных детишек.

— Что включает в себя современная педиатрия? Чем именно занимается врач-педиатр?

— Ребёнок – это не просто маленький человек, для него характерны анатомические, физиологические, эмоциональные и иммунологические особенности. Современная педиатрия, как и раньше это было, включает в себя профилактику заболеваний, уход за ребёнком, коррекцию отклонений в физическом и развитии детей, а также лечение различных болезней. Хочу внести некоторые разъяснения. До родов беременную женщину ведёт не только акушер – гинеколог, но и педиатр, начиная с 12 недели беременности, когда женщина становится на учет.

есть ряд обязательных прививок, которые делать просто необходимо. Я всегда объясняю родителям важность и необходимость прививок. Просто перед каждой прививкой должна быть беседа доктора с родителями, обсуждение всех волнующих вопросов и обязательно осмотр ребёнка.

— Какие важные процедуры нужно пройти с ребёнком, как укрепить здоровье малыша?

— Я рекомендую в первую очередь закаливание, разумеется постепенное и планомерное.

Ну и конечно же правильное питание. С овощами, фруктами, крупами, белками, правильными жирами и сложными углеводами. Привить привычку питаться сбалансированно

здоровье ребенка.

— Если же переживания не обоснованные, как любят повторять «а вдруг?», то я всегда стараюсь успокоить родителей.

Конечно же если ребенок болен и ему поставлен конкретный диагноз, то повторюсь нужен постоянный контакт с врачом. Родителям же я рекомендую в таких ситуациях направить все силы на здоровье ребенка и конечно не переживать эту ситуацию в одиночку. Поддержка близких и друзей, на мой взгляд, особенно важна в таких ситуациях.

— Что бы вы хотели пожелать нашим читателям?

— Здоровья конечно же, а что еще может пожелать врач?

Карина ПФАЙФЕР

КОРОНАВИРУС

У 184 школьников в Казахстане выявлена коронавирусная инфекция. Об этом сообщили в Минздраве, передает «Казинформ».

У школьников выявили COVID-19



Вице-министр здравоохранения РК Ажар Гиният рассказала, что на сегодня 73 обучающихся в дежурных классах заболели коронавирусом.

«На сегодняшний день зарегистрировано 184 случая заболевания среди школьников.

Из них 73 школьника обучались в дежурных классах. Если по регионам сказать, случаи заражения зарегистрированы в ВКО - 21 случай в 17 школах. В каждой школе - по одному-два случая выявлено. В СКО - 15 случаев в 11 школах. В других областях по одному-двум случаям заболеваемости.

Тяжелых заболевших нет», - сказала Ажар Гиният, отвечая на вопросы журналистов во время онлайн-брифинга в СЦК. Как уточнила вице-министр, из 73 детей 12 получают стационарное лечение, их состояние - средней тяжести.

На 14 октября зарегистрировано 108 984 больных. За последние сутки зарегистрировано 83 человека с положительным результатом COVID-19, умерло 1776. Зарегистрировано 35234 вероятных случаев коронавирусной инфекции с ПЦР минус, за сутки - 321. Из них умерло 373 человека.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ»

БРИФИНГ

ПОДГОТОВКА КО ВТОРОЙ ВОЛНЕ

Министр здравоохранения Казахстана Алексей Цой рассказал, как страна готовится ко второй волне пандемии коронавируса.

По его словам, на текущий момент ситуация в стране стабильная.

«Мы видим, что сейчас идет резкое повышение заболеваемости в мире: в Италии, Испании, Германии, Турции и Южной Кореи. При этом в странах СНГ прирост заболеваемости составляет 5 процентов, что в 5 раз выше, чем в Казахстане. Эта ситуация не может не тревожить нас. Казахстан готовится, как и все страны, к возможной второй волне подъема коронавирусной инфекции», - сказал Цой на онлайн-брифинге СЦК.

Глава Минздрава озвучил меры, принимаемые для подготовки ко второй волне коронавируса.

«Мы планируем развернуть 71 126 коек. При этом в настоя-

щий момент функционируют 10 257. 15 процентов коечного фонда загружено пациентами, которые в настоящий момент болеют коронавирусом либо коронавирусной пневмонией.

Мы запланировали порядка 13 модульных инфекционных больниц. Две крупные клиники находятся на этапе реконструкции. 3640 мобильных бригад на уровне поликлиник для граждан организовано. 5098 аппаратов ИВЛ будет поставлено в наш текущий эпидсезон. 21 566 коек будут обеспечены кислородом», - сказал глава Минздрав

Алексей Цой сообщил, что Минздрав постоянно анализирует эпидситуацию в мире. Он сообщил, что в странах Европы и ближнего зарубежья отмечается рост заболеваемости. В странах СНГ прирост заболеваемости в 11 раз выше, чем в Казахстане.

В этой связи представители СМИ поинтересовались, возможно ли введение повторного режима ЧП, в случае роста заболеваемости у нас в стране. В ответ ми-

нистр сообщил, что все зависит от эпидситуации. «Если эпидситуация того потребует, то режим ЧП будет вводиться», - сказал Цой.

Он выразил надежду, что получится сохранить «ту стабильность, которая есть у нас в Казахстане». Это будет, по его словам, зависеть от того, насколько люди будут соблюдать меры санитарной безопасности, в том числе масочный режим и социальную дистанцию.

«Если мы все это будем делать, то есть большой шанс, вводить карантин не потребуется. Если наши граждане сознательно не будут носить маски и зачастую есть случаи, когда работают организации не положенное время и массовые скопления людей, то, к сожалению, инфекция не выбирает и передается от человека к человеку и здесь, возможно, усиление карантинных мер вплоть до жестких мер», - резюмировал глава Минздрава.

СОБ КОРР.

Бейсенбі - Четверг, 22 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Көшпенділер»
06.30, 17.00, 20.00 Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Келің әні»
12.00 «Niet»
13.35 «Менің Қазақстаным»
14.00 Т/х «Ханзада»
15.10, 21.30 Т/х «Айнымас айғаным»
16.15 «Ауылдастар»
17.15 «Қызық екен»
20.30 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Фатмагүл»
00.00 «Күміс көмей»
00.50 Футбол УЕФА Ууропа лигасы.
03.00 «Ashyq alan»

ХАБАР

06.00 «Тамаша»
07.15, 18.00 «Удачная сделка»
09.15, 17.00 «Qalaimayun»
10.20, 00.10 Т/х «Пауза»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30 «COVID-19»
13.10 Сериал «Чужое гнездо»
14.00 «Дети сестёр»
15.00 Тұсаукесер «Бүгін»
16.10, 21.40 «Келінжан-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.30 «Народный контроль»
21.00 Итоги дня
22.30Т/х «Орындалмас Арман»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы ханша»
14.00 НовостиPrimaries
14.05 «Документальный фильм»
14.45 сериал «Ментовские войны»
16.00 «Aitaym bag»
17.00, 00.40 Т/х «Бұйымтай»
18.00 Т/х «Белгісіз жан»
20.00, 02.00 «Астана таймс»
00.40 Т/х «Таңдауым сен»
02.50 «Біреудің есебінен»
03.35 «KazNet» ғаламторға шолу
03.55 Сериал «Не ври мне»
05.30 «Шіміен апаның хикаялары»

ЕВРАЗИЯ

06.00, 03.05 Т/х «Когда зовёт сердце»
06.45 «Той заказа»
07.15 «Басты жаңалықтар»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/женское»
12.00 «Қос лайк»
15.40 «На самом деле»
16.45 Х/ф «Формула мести»
18.00 «Басты жаңалықтар»
18.45 «Пусть говорят»
20.00 «Главные новости»
20.50 «Чужой район-2»
00.50 «Белые волки»
01.40 «П@ytina»
02.25 «Когда зовёт сердце»
03.10 «Той заказа»
03.35 «П@ytina»
04.20 «Ұшқалақ»

Жексенбі - Воскресенье, 25 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Ұлттық арнада – ұмытылмас өндер»
07.15 М/ф «Ертемір»
07.55 «Бақытым – байтақ далам»
09.00, 03.20 «Аулдастар»
10.00, 18.00 Т/х «Келің әні»
12.00 «Қымбат жандар»
12.50 «Қымбат жандар»
12.50 М/ф «Мұзбалақ»
14.00 Т/х «Ханзада»
15.10 «Дала өркениет»
15.45 «Егіз лебіз»
20.00 «Арта»
20.50 «Жүзден жүйрік»
22.30 Т/х «Фатмагүл»
23.20 «Жарқын жүздесу»
00.10 «Бес қару»
01.45 «Арта»
03.00 «Атамекен»

ХАБАР

06.00 «Ду-думан»
06.50 «Ертеңіме сенемін»
09.00 «Самопознание»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Мерекелік концерт»
08.00 Т/х «Сағыныш»
09.30 «Новости»
10.10 «По ту сторону смерти»
12.30 «Морские дьяволы. Северные рубежи»
14.50 «Тайная любовь»
17.00 Т/х «Өмір Сабағы»
18.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Астарлы Ақиқат» ток-шоу
21.00 Вечерние новости
21.40 «Тайная любовь»
23.40 «Морские дьяволы. Северные рубежи»
01.30 «По ту сторону смерти»
02.20 «Астарлы Ақиқат»
03.05, 04.10 «Қара теңіз»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.30 «Сегодня» /прямой эфир/
20.00 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Д/ф «Қазаны басқаның қайғысы басқа»
21.30 Новости
22.00 Телесериал «Бәрі де анам жайлы»
22.35 «Әсем әуен»
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00 «Ризамын»
06.20, 02.40 Алдараспан, Шана-шар, нысана әзілдері
06.50 «Информбюро»
07.50, 22.20 Сериал «Ганга»
10.00 «What's up?»
11.15, 21.10 Сериал «Консультант. Лихие времена»
12.25 «Знахарь»
15.00 «Кел, татуласайық!»
18.00 «Экстрасенсы-детективы»
19.55 «Информбюро»
00.25 «Кел, татуласайық!»
04.00 Ризмын
05.00 «Әзіл студио»

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.20 Т/х «Дүрдараз ғашықтар»
07.20, 15.10, 02.20 Скetchком «Q-eli»
07.50, 22.15, 04.00 Т/х «Элиф»
09.00, 17.00 Сериал «Тайны госпожи Кирсановой»
10.10, 18.15 Сериа «Горячая точка»
12.30 «Первые среди равных»
13.00, 20.20 Сериал «Жалдамалы қалыңдық»
14.00, 03.00 Т/х «Азулы Әулет»
16.10, 23.15 «Всё к лучшему»
21.10 Т/х «12 күн»
21.50 Т/х «Ата-Ана. Бала-Шаға»
00.15 Х/ф «Гоголь. Начало»
04.50 «Өз ойым»

АСТАНА

09.10 Д/ф «Хабар 5.0»
10.10 «Про спорт»
10.40 « От всего сердца»
11.45 «Кавказская пленница, или новые приключения Шурика»
13.10 «Заражение»
14.55 Т/х «Келінжан-2»
18.30 «Мәжіліс.kz»
19.00 «Aitystar»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
22.00 «Большая неделя»
23.10 Т/х «Көкжал»

АСТАНА

06.00, 03.20 «Ән мен әзіл»
07.00, 03.00 «KazNet» ғаламторға шолу
07.30 «Q-travel»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
10.00 «TeleBingo»
10.25, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.55, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
13.25, 23.10 Т/х «Ұлы ханша»
15.00 «1 минут» интеллектуалдық шоу
16.00 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Белгісіз жан»

Жұма - Пятница, 23 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 Д/ф «Көшпенділер»
06.30, 17.00, 20.00, 00.30 Aqparat
07.00 «Tansholpan»
10.00, 18.00 Т/х «Келің әні»
12.00 «Niet»
13.35 «Иман өзегі»
14.00 Т/х «Ханзада»
15.10, 21.30 Т/х «Айнымас Айғаным»
16.10 «Атамекен»
16.40 «Әлем айнасы»
17.15 «Қымбат жандар»
20.30 «Ashyq alan»
22.30 Т/х «Фатмагүл»
00.00 «Parasat maidany»
01.05 «Ashyq alan»
01.55 «Niet»
03.20 «Аулдастар»

ХАБАР

06.00 Тамаша
07.15, 18.00 «Удачная сделка»
09.15, 17.00 «Qalaimayun»
10.20, 00.25 Т/х «Пауза»
12.00 Жаңалықтар. Новости
12.30, 20.40 «COVID-19»
13.10 Сериал «Чужое гнездо»
14.00 «Дети сестёр»
15.00 Тұсаукесер «Бүгін»
16.10, 21.40 «Келінжан-2»
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.40 «Хабар»
21.00 Итоги дня
22.30 Т/х «Орындалмас Арман»

АСТАНА

06.00 «Ән мен әзіл»
06.30 «Күлдірген»
07.00, 16.30 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.30, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы ханша»
14.00 НовостиPrimaries
14.00. 16.00 Документальный фильм
14.45 сериал «Ментовские войны»
17.00, 00.40Т/х «Бұйымтай»
18.00 Т/х «Белгісіз жан»
20.00, 02.00 «Астана таймс»
20.55 Loto 5/36
02.50 «Біреудің есебінен»
03.35 «KazNet» ғаламторға шолу
03.55 Сериал «Не ври мне»
05.30 «Шіміен апаның хикаялары»

ЕВРАЗИЯ

06.00 «Той заказа»
07.00 «Басты жаңалықтар»
07.45 «Жұма уағызы»
08.00 «Доброе утро»
11.00 «Мужское/женское»
12.00 «Қос лайк»
15.35 «Давай поженимся»
16.30 «Непутёвы заметки»
16.45 «Жди меня» Казахстан
20.00 «Главные новости»
20.50 «Поле чудес»
22.10 «Взрыв из прошлого»
23.00 «П@ytina»
00.00 «Взрыв из прошлого»
01.50 «П@ytina»
02.35 «Заң сөйлесін»
03.35 «П@ytina»
04.20 «Ұшқалақ»

ЕВРАЗИЯ

20.00 «Үздік өндер»
20.45 «Аялы алақан»
00.40 Х/ф «Жастықтың лебі»
02.40 «Әзілстан» жасарын камера
04.20 «Не ври мне»

06.00 Т/х «Граница»
07.00 «Тамаша city»
07.55 «Ұшқалақ»
08.00 «Сенбілік жаңалықтар»
08.30 «Воскресные беседы»
08.45 «Взрыв из прошлого»
13.00 «Три аккорда»
14.40 «X Factor»
15.45 Х/ф «Московские тайны. Тринадцатое колено»
18.00 «Basty bagdarlama»
18.35 «Әкемізге тұзақ»
20.00 «Аналитика»
21.00 «Северная звезда»
22.00 «П@ytina»
23.00 «Северная звезда»
01.00 «П@ytina+»
02.00 «Әкемізге тұзақ»
03.00 «Тамаша city»
03.45 «П@ytina+»

КТК

07.05 Кешкі жаңалықтар»
07.30 «Мерекелік концерт»
08.00 Т/х «Сағыныш»
09.30 «Новости»
10.10 «По ту сторону смерти»
12.30 «Морские дьяволы. Северные рубежи»
14.30 «тайная любовь»
17.00 Т/х «Өмір Сабағы»
18.00 Т/х «Кектен туған махаббат»
19.30 Кешкі жаңалықтар
20.00 «Дау-Дамайсыз»
20.35 «КТКweb»
21.00 Вечерние новости
21.40 «Год собаки»
01.20 «по ту сторону смерти»
02.10 «Дау-дамайсыз»
02.35 «Кткweb»
02.55, 04.00 Т/х «Қара теңіз»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/
09.00 TV-сабақ
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Сыралғы» /тікелей эфир/
19.30 «Бүгін» /тікелей эфир/
20.00 Д/ф «Әлемнің мәдени қазынасы»
20.15 «Абай-175»
20.30 Жаңалықтар
21.00 Д/ф «Кең ауқымда»
21.30 Новости
22.00 «Болмыс» ток-шоуы
23.00 Жаңалықтар
23.30 Новости

31 КАНАЛ

06.00 «Ризамын»
06.20, 02.30 Алдараспан, Шана-шар, нысана әзілдері
06.45 «Информбюро»
07.50 Сериал «Ганга»
10.00 «What's Up?»
11.15 Сериал «Консультант. Лихие времена»
12.25 «Знахарь»
15.00 «Кел, татуласайық!»
18.00 «Экстрасенсы-детективы»
20.00 «Информбюро»
21.00 «Поселенцы»
00.15 «Кел, татуласайық!»
04.00 Ризмын
05.00 Әзіл студио

7 КАНАЛ

06.00 «Қуырдақ»
06.10 «Дүрдараз ғашықтар»
07.10, 15.10, 21.10, 02.20 Скetchком «Q-eli»
07.50, 22.25, 04.00 Т/х «Элиф»
09.00 Сериал «Тайны госпожи Кирсановой»
10.10 Сериал «Горячая точка»
12.30 «первы среди равных»
13.00, 20.20 Сериал «Жалдамалы қалыңдық»
14.00, 02.50 Т/х «Азулы Әулет»
16.20 Шоу «Удивительные люди»
18.50 «Дизель-шоу»
21.50 Т/х «Ата-Ана. Бала-Шаға»
23.15Х/ф «Вавилон н.э»
01.20 Сериал «Слуга народа-3»
04.50 «Өз ойым»

КТК

07.05 «Ақ бақытым»
08.30 «Көңілді Отбасы»
09.30 «Сеяться разрешается»
11.20 «Не в деньгах счастье»
15.30 «Аталар сөзі»
17.00 «Кошмарный директор»
21.00 «Портрет недели»
22.00 «Любовь не по правилам»
00.00 «Иная реальность»
00.50 «Министерство правды»
01.20 «Перзент»
02.30 «Аталар сөзі»
03.30, 04.20 «Көріпкел-2»

ЖЕТИСУ

07.05 «Басбұзар» үнді фильмі
09.30 «Әсем әуен»
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Әдебиет пен адамзат»
11.00 Д/ф «Образование зарубежом небезопасно»
11.30 «Спасая жизни»
12.00 «Жүрек сөзі»
12.30 «Ауылдағы ағайын»
13.00 «Қателік»
13.30 «Единый народ»

Сенбі - Суббота, 24 қазан

ҚАЗАҚСТАН

06.05 «Қазыналы Қазақстан»
06.30 «Ғасырлар үні»
07.00 «Aqparat»
07.30 М/ф «Еркелер»
08.35 «Aqsayut»
09.00 «Әлем айнасы»
09.20 «Теледарігер»
10.00, 18.00 Т/х «Келің әні»
12.00 «Nur tiley»
12.50 «Күміс көмей»
13.25 «Аулдастар»
14.00 Т/х «Ханзада»
15.10 «Атамекен»
15.30 «Жүзден жүйрік»
17.10 «Жарқын жүздесу» ток-шоу
20.00 «Masele»
20.40 «Егіз лебіз»
22.30, 23.15 Т/х «Фатмагүл»
23.00 «Егіз лебіз»
23.40 «Jaidarman»
01.20 «Masele»
02.00 «Nur tiley»
02.35 «Күміс көмей»
03.20 «Parasat mandy»

ХАБАР

06.00 «Ду-думан»
07.10 «Махаббат»
09.00 «Өзін-өзі тану»
09.10 «Д/ф Хабар 5.0»
10.20 «Q-бренд»
10.30 «Пәленшеевтер-3»
12.30 «Aitystar»
14.10Репортаж к 24-летию «Хабар»
14.30 «Кавказская пленница, или новые приключения Шурика»
16.10 Т/х «Орындалмас Арман»
17.00 «Қазақконцерт әлемі: Бізге 60 жыл» концерті
20.10 «Отдел журналистских расследований»
21.00 Ақпарат арнасы «7 күн»
23.00 Х/ф «Тихое место»
00.40 Т/х «Көкжал»

АСТАНА

06.00, 03.15 «Ән мен әзіл»
06.30, 02.55 «Әзілстан» жасырын камера
07.00 «Үздік әзілдер»
08.00 М/ф «Маша и Медведь»
09.50, 22.00 Т/х «Кекеш келін»
11.20, 21.00 Т/х «Сүлеймен Сұлтан»
12.30, 23.10 Т/х «Ұлы ханша»
13.40 Vine Time
14.00 «1 минут» интеллектуалдық шоу
15.00 «Q-travel»
15.30 Х/ф «Жастықтың лебі»
17.40 «Алдараспан»
18.00 Т/х «Белгісіз жан»
20.00 «Үздік өндер»
20.55 «Loto 6/49»
00.40 «Bas Times»
02.10 «Той жыры»
02.35 «KazNet» ғаламторға шолу
04.00 Сериал «Не ври мне»
05.35 «Шіміен апаның хикаялары»

ЕВРАЗИЯ

06.00 Т/х «Граница»
07.00 «Тамаша city»
07.55 «Ұшқалақ»
08.00 «Басты жаңалықтар»
08.50 «Спецназ»
12.25 «Фабрика грез»
12.50 «Клуб весёлых и находчивых»
15.25 Х/ф «Московские тайны. Бедная Лиза»
17.35 «Парламент онлайн»
18.00 «Сенбілік жаңалықтар»
18.35 Шоу «Қызық лайв»
20.00 «X Factor»
21.05 «Северная звезда»

ЕВРАЗИЯ

14.00 «Тарих парақтары»
14.30 «Ұлт пен рух»
15.00 «Король-лягушонок» ертегісі
16.00 «Әсем әуен»
16.30 Д/ф «Кең ауқымда»
17.00 «Полицейская служба»
17.20 «Әсем әуен»
17.30 «Денсаулық»
18.00 «Спорт-тайм»
18.15 «Тарихи тұлғалар»
18.30 «Олжа»
19.05 «Ұлт құндылығы»
19.30 «Әкелердің әңгімесі»
20.15 «Абай-175»
20.30 Апта /қаз/
21.30 Апта /рус/
22.10 К/ф «Случайная помолвка»

31 КАНАЛ

06.00, 04.00 «Әзіл студио»
07.10 «Мы дома»
08.50, 15.25 М/с «Маша и Медведь»
10.00 «Готовим с Адель»
10.30 Х/ф «Гудбай, мой бай»
08.50 «What'sUp?»
13.30 «Біз үйдеміз»

22.00 «П@ytina»
23.00 «Северная звезда»
01.10 «Я счастлив»
02.50 «П@ytina+»
03.35 «Тамаша city»
04.20 «Ұшқалақ»

КТК

07.05 «КТК қоржынынан»
07.50 Т/х «Кеш келген махаббат»
08.40 «Базар жоқ алаңы»
09.35 «КТКweb»
10.00 «Смеяться разрешается»
12.10 «Год собаки»
16.30 «Аталар сөзі»
18.10 «Ақ бақытым»
21.00 «Большие новости»
22.00 «Не в деньгах счастье»
01.40 «Министерство правды»
02.30 К/ф «Менің досым үнді»
03.30, 04.20 «Базар жоқ алаңы»

ЖЕТИСУ

07.05 «Әсем әуен»
07.30 «Таңжарық»
09.00 Жаңалықтар
09.30 Новости
10.00 М/ф «Тобот»
10.30 «Спорт тайм»
11.00 «Болмыс»
12.00 «Әкелердің әңгімесі»
12.40 «Әсем әуен»
13.00 «Арнайы репортаж»
13.30 «Экорейд»
14.00 «Олжа»
14.30 «Ұлт ұлағаты»
14.50Телесериал «Бәрі де өкем жайлы»
17.00 «Полиция қызметі»
17.20 «Әсем әуен»
17.30 «Единый народ»
18.00 Жаңалық
18.15 Новости
18.30 «Қателік»
19.05 «Қасая жизни»
19.30 «Жүрек сөзі»
20.00 «Ауылдағы ағайын»
20.30 Жаңалықтар
21.00 «Тарих парақтары»
21.30 Новости
22.00 «Басбұзар» үнді фильмі

31 КАНАЛ

06.00, 03.00 «Әзіл студио»
06.20 «Информбюро»
07.20 «Біз үйдеміз»
09.00 «Готвим с Адель»
09.30 «Битва экстрасенсов»
13.15 М/ф «Маша и Медведь»
13.30 «Мы дома»
15.25 Х/ф «Гудбай, мой бай»
17.30 Х/ф «Чем дальше в дес...»
20.30 Х/ф «Робин Гуд. Начало»
23.00 Концерт «Тамаша тарту»
02.10 Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 «КТА лигасы»
08.30 «Айнаонлайн»
09.00 М/с «Фиксики»
09.20 «О здоровье: понарошку и всерьёз»
09.50 «Посольство красоты»
10.30 «Вокруг света за монетой»
11.30 «Дизель шоу»
15.00 Скetchком «Япырай»
13.00 Х/ф «Месть пушистых»
15.00, 03.00 Скetchком «Q-eli»
15.40 Т/х «Ата-Ана. Бала-Шаға»
17.10 «Мен сен емес»
18.40 Х/ф «Ninetyone 91»
20.45 Шоу «Удивительные люди»
23.10 Х/ф «Будь круче»
03.20 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
04.50 «Өз ойын»

7 КАНАЛ

16.20 Х/ф «Робин Гуд. Начало»
19.00 Х/ф «Скайлайн»
21.00 «Экстрасенсы против детективов»
23.00 «Here?»
00.40 Х/ф «Красивый и упрямый»
03.00 «Алдараспан, Нысана, Шаншар әзілдері»
05.00 Ризамын

7 КАНАЛ

06.00 Концерт «Сәлем, ұлы дала»
08.10 «Айнаонлайн»
09.00 «Юмор!Юмор!Юмор!»
10.40 Сериал «Поездка за счастьем»
15.00, 03.10 Д/ф «Игілек иелері»
15.30 «Ата-Ана. Бала-Шаға»
16.30Т/х «Жалдамалы қалыңдық»
21.00 Х/ф «Тюряга»
23.20 Х/ф «Гоголь. Вий»
01.30 Х/ф «Ninety one 91»
02.15 Скetchком «Япырай»
03.40 Т/х «Жалдамалы қалыңдық»

БЖЗК ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

БЖЗК КҮНДІЗГІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІН 198 БӨЛІМШЕСІНЕ ҚАЙТАДАН ОРНАТТЫ

Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруы мен тұрақталуына, сондай-ақ, коронавируспен (COVID-19) сырқаттану жағдайларының төмендеуіне байланысты коронавирустың таралуына жол бермеу мақсатында бұрын қабылданған бірқатар шектеу шаралары алынып тасталды.

Осыған байланысты Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры бөлімшелерінің көп бөлігі үйреншікті күндізгі қызмет көрсету режиміне оралды. Қазіргі уақытта 198 қызмет көрсету орны алдын ала жазылу бойынша күндізгі, 7-еуі байланыссыз, 7-еуі қашықтықтан жұмыс істейді.

Күндізгі режимде қабылдауға жазылуды enpf.kz корпоративтік сайтында екі-үш әрекетпен-ақ оп-оңай іске асыруға болады. Сайттың басты бетіндегі «Электрондық сервистер» қосымша бетіне өтіп, «Қызмет алу кезегін брондау» баннерін басып, әрі қарай Сіз біздің филиалымызға келуге болатын ыңғайлы уақытты өз бетіңізше таңдай аласыз.

Филиалдардың жұмыс тәртібі жұмыс күндері 9:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі және жексенбі – демалыс күндері. Түскі үзіліс кезінде, яғни 13:00-ден 14:00-ге дейін операциялық зал желдетуге, ылғалды шүберекпен сүртіп алуға және дезинфекциялауға/кварцтауға жабылады. Сонымен қатар жұмыс күнінің бірінші және екінші жартысында жұмыс үстелін, орындықтарды, есік тұтқаларын және т.б. дезинфекциялауға арналған 15 минуттық екі техникалық үзіліс қарастырылған.

Сонымен қатар БЖЗК қызметінің өзге де түрлерін, мысалы, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме алу, деректемелерді өзгерту, ЕЗЖ есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасау және т. б. Сіз үйден шықпай-ақ, ENPF ұялы

қосымшасы және Қордың www.enpf.kz корпоративтік сайтында орналастырылған Жеке кабинет арқылы онлайн режимінде ала алатындығыңызды естеріңізге саламыз (электрондық қызметтерді алу тәртібі бойынша нұсқаулықтар тиісті бөлімдерде қоса беріледі).

Бұдан бөлек, БЖЗК-да қатаң санитарлық-эпидемиологиялық шаралар сақталған барып қызмет көрсету бөлімі қызметі жұмыс істейді. Бұл ретте алдын ала кеңес беру (оның ішінде қызметті көзбе-көз алу мүмкіндігін тексеру) жүзеге асырылады. Азаматтарға барып қызмет көрсету барысында міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есепке алу бойынша жеке зейнетақы шоттарын ашу туралы өтініштерді (оның ішінде міндетті кәсіптік зейнетақы жарнасы есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартқа қосылу туралы өтініштерді) ресімдеу қызметі көрсетіледі. Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік әлсіз топтары санатына жататын салымшыларға (алушыларға), (мерзімсіз уақытқа мүгедектік берілген 1-2 топ мүгедектеріне) санитарлық-эпидемиологиялық шараларды қатаң түрде сақтай отырып, сапалы қызмет көрсету жүзеге асырылады.

Қор қызметкерлері салымшыларға (алушыларға) жинақтаушы зейнетақы жүйесі мәселелері бойынша кеңес беруге және Қордың электрондық қызметтерін алу үшін қашықтықтан қолдау көрсетуге әрқашан дайын:

- 1) өңірлік бөлімшелердің кезекші қызметкерлеріне телефон байланысы арқылы өтініш жасау (тізімі enpf.kz сайтында орналастырылған);
- 2) 1418 қысқа нөмірі бойынша Қордың байланыс орталығына жүгіну;
- 3) +7 777 000 14 18 телефон нөмірі бойынша WhatsApp, Viber чат-боттары;
- 4) www.enpf.kz корпора-

тивтік сайтындағы онлайн-кеңесші;

5) өтініштерді enpf@enpf.kz электрондық поштасы арқылы жіберу;

6) Instagram, Facebook, ВКонтакте, twitter Telegram, Одноклассники сияқты әлеуметтік желілердегі аккаунттар.

Бұған қоса БЖЗК-да құжаттар топтамасын Қордың корпоративтік сайтында алдын ала онлайн түрде тексеріп, кейіннен пошта байланысы («Қазпошта» АҚ) арқылы жіберу жолымен қызмет көрсету де қарастырылған.

«БЖЗК» АҚ-ның барлық филиалдарының тізімі мен олардың жұмыс тәртібі сілтеме бойынша қолжетімді.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтарын мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

БЖЗК САЛЫМШЫЛАРЫНЫҢ ШОТТАРЫНА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 871,9 МЛРД ТЕҢГЕДЕН АСА ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАБЫС ЕСЕПТЕЛДІ

2020 жылдың басынан бастап 1 қыркүйектегі жағдай бойынша БЖЗК салымшыларының шоттарына 871,9 млрд теңгеден аса таза инвестициялық табыс есептелді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 443,1 млрд теңгеге артық. Ал 2019 жылдың 8 айындағы таза инвестициялық табыс 428,8 млрд теңгені құрағанын естеріңізге саламыз.

Зейнетақы активтерінің 8 айдағы табыстылығы 7,88% құрады, ал инфляция 4,6% болды. Жылдық (тамыз 2019 - тамыз 2020) табыстылық 10,1% көрсетсе, инфляция 7% құрады. Осылайша нақты табыстылық оң нәтиже көрсетті.

Егер одан ұзағырақ кезеңдерді қарастыратын болсақ, зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқарған 2014 жылдан бастап 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі кезең ішіндегі табыстылық 83,2%-ға жетсе, инфляция 64,6% болды. Осылайша зейнетақы активтерінің нақты табыстылығы 18,6% асып түсті.

Қазақстанда жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілген 1998 жылдан бастап 2020 жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі таза инвестициялық табыс 5 трлн теңгеден асты. Осы уақыт ішіндегі инвестициялық табыстылықтың біртіндеп өсу нәтижесі 583,6%

құрады. Бұл реттегі инфляция деңгейі біртіндеп өсу нәтижесімен 480,6% болды. Сөйтіп, зейнетақы активтерінің 2020 жылдың 1 қыркүйегіндегі нақты табыстылығы 103%-ды көрсетті.

БЖЗК 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗК құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗК зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗК міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтарын мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).

МАМАНДЫҚ

ЕЛ БОЛАШАҒЫ БАҒДАРЫНЫҢ ОҢДЫ БОЛУЫ ҮШІН ЕЛБАСЫМЫЗ «БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТ», «ҮШ ТІЛДЕ БІЛІМ БЕРУ», «КОМПЬЮТЕРЛІК САУАТТЫЛЫҚ», «ШЕТ ТІЛДЕРІН БІЛУ», «МӘДЕНИ АШЫҚТЫҚ» СИЯҚТЫ ФАКТОРЛАРҒА ЕРЕКШЕ КӨҢІЛ БӨЛҮДІ ҰСЫНДЫ. ХХІ ҒАСЫРҒА ЛАЙЫҚТЫ ІЗГІ ҚАСИЕТТЕРГЕ ИЕ БОЛУ – БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ӘРБІР ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ АЛДЫНДА ТҮРҒАН АСЫЛ МІНДЕТ.

БОЛАШАҚ – БІЛІМДІ ЖАСТАР ҚОЛЫНДА

Қазіргі кезде адамның кәсіби шеберлігіне, білім өрісіне, зиялылық және танымдылық деңгейіне жаңа технология дәуірінің өзі биік талаптар қойып отыр. Өткеннен сабақ ала отырып, болашақтың қоржынына өзіміздің халықтық қасиетімізбен, жаңарған болмысымызбен, терең ой-санамыз, сапалы дүниелерімізбен үлес қосу – жаһандану кезеңінің табалдырығында тұрған біз үшін аса маңызды іс. Елбасының сөзімен айтқанда, «Білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу – біздің қанымызда бар қасиет». Ал осындай қасиеттерді жастарға үйретіп баулуға оқу орындарының рөлі басым. Әр мектеп бітіруші түлектің ойында тек қана екі сұрақ болады. Біріншісі: қандай мамандықтан дасам, екіншісі: қай оқу орнына түссем деген. Өз басым таңдаған оқу орным мен мамандығым үшін еш өкінбеймін. Себебі, менің таңдауымдағы мамандық қазіргі таңда сұранысқа ие. Ал оқу орным жайында айтсам, «Zhansugurov college»-і мен үшін ең үздік білім ошағы болып табылады. Неге десеңіз, аталмыш оқу орны тек біліммен сусындандырып қана қоймай, әр қырынан дами түсуімізге де септігін беруде. Болашақ мамандарға сапалы білім алуға жағдай туғызу мақсатында колледж студенттері университеттің кітапхана, компьютерлік кабинеттер, интернет класс, интернетке қосылуға мүмкіндік беретін wi-fi нүктелерімен, интерактивті тақтамен

жабдықталған оқу және мультимедиа кабинеттері кеңінен пайдаланылуда. Қазіргі Қазақстанға керек «Компьютерлік сауаттылық», «Шет тілдерін білу», «Мәдени ашықтық», «Бәсекекестікке қабілеттілікті де» үйренудеміз.

Білімді ұрпақ – еліміздің болашағы. Тәуелсіз еліміз қанатын кеңге жайып, ел мәдениеті өркендеген қазіргі тұста тек білімді жастар ғана ұлтымызды асқақ елімізді көкке көтереді. Қазақстанның болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, олардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені анық. Саналы қоғамда білімді азаматтармен бірлесе өмір сүрген жастар өз бойында білімге деген құштарлық пен ізгі сезімдерді қалыптастыратыны сөзсіз. Елбасымыз жастардың сапалы білім алып, саналы азамат болуы үшін білім-ғылымға және мәдениетке аса көп назар аудару керектігін, ғылыми прогресті дамытуда білімнің маңызын айтумен, нұсқау беруі – бәрі ел экономикасының қарыштап дамуындағы бірден-бір өзгеріс екені анық. Олай болса, Қазақстанның жарқын болашағы тек білімді жастармен ғана қалыптаспақ.

**Ақерке МҰРАТҚАЖЫ,
І. Жансүгіров атындағы
Жетісу университеті
«Zhansugurov College»-нің
2-курс студенті.**

БІЛІМ

ОНЛАЙН ОҚУДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚ

Әлемде және елімізде болып жатқан эпидемиялық жағдайға байланысты ауыл мектептеріндегі қашықтан оқыту жүйесін білу мақсатында Алақөл ауданына қарасты №3 Қабанбай орта мектебінің ұстазы Анар Нүсіповамен тілдескен едік.

– «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» демекші, тоғыз жылдан астам уақыт мектеп қабырғасында бастауыш сынып мұғалімі болып еңбек етіп келемін. Оқушылардың білім алуға деген ынтасы жоғары. Үйреніп, білсем дейтін балалар көп. Ал енді ел ішінде орын алған пандемияға байланысты қашықтан оқыту турасында айтсам, бұл жағдай барлық жанға оңай болған жоқ. Тіпті «қашықтан оқу» алғашында ата-аналар мен оқушыларға үрей туғызғаны рас. Әрине, ұстаз ретінде демеу, қолдау көрсетуге барынша тырыстық. Қазіргі кезде ата-аналар да, оқушылар да өз деңгейінде қиындықты жеңуге тырысып бағуда.

Білім алуға «BilimLand», «Күнделік.кз» бағдарламалары оқушыларға таптырмас құралға айналды. Осы бағдарлама арқылы білімін шыңдап, қайталап, тақырыптарды жақсы меңсере білді. Бұл бағдарламалар тікелей онлайн байланысқа тәуелді болғандықтан, олқылықтар болғаны да жасырын емес. Сонымен қатар, бұл ұстаздар үшін де оңай болмады. Дегенмен, барынша үйреніп, үлгеруге тырысып келеміз. Оқушылармен қатар ата-аналармен жұмыс жасауға тура келеді. Онлайн жиналысын да жиі өткізіп жүрміз. Оқушылардың үй жағдайындағы мүмкіндіктерін талқыладық. Курстар оқып, онлайн ойындар жүргізіп, оқушылардың білімге деген қызығушылығын күнделікті арттыруға күш салудамыз. Оқу барысында ұрыс та естідік, оқушылармен бірге күліп, бірге жылаған күндеріміз де болды. Бір қызығы, оқушылардың ата-аналарға үйренгендігі соншалық, сабақ басталғанда ата-анасы жанында болмаса, «неге үйге келмедің? Неге маған хабарласпайсың?» деп ұрысады екен. Онлайн оқу барысында талай қызықтар да бастан өтуде.

Мұғалім қашанда көшбасшы бол білуі тиіс. Ендеше, бұл қиын күндерді де бірге жеңіп шығамыз. Ең бастысы, сабырлық танытып, шыдамды болайық», – дейді бастауыш сыныбының мұғалімі.

**Аяла АРЫСТАНБЕК,
І. Жансүгіров университетінің
4-курс білімгері**

ОНЛАЙН КЕЗДЕСУ

ЕЛУ ЖЫЛ ҚАЛЫҚТАҒАН ӘН

немесе «Той жырының» тарихы

«Той жыры»

— қазақтың үйлену тойларының сәнін келтіретін хит әндердің бірі. Әйгілі «Дос-Мұқасан» тобының орындауындағы бұл туындының тарихын бүгінде бірі білсе, бірі білмес. Әннің жазылғанына елу жылдан аса уақыт өтсе де өзектілігін еш жойған жоқ. Аталмыш әннің авторы, профессор, ғалым, ақын, қоғам қайраткері **Ұлықпан Сыдықовпен онлайн кездесу өтті.**

ТҮРКІТІЛДЕС ЖУРНАЛИСТЕР ҚОРЫ
ОНЛАЙН ЖУРНАЛИСТИКА КУРСЫ
ВЕБИНАРЛАР СЕРИЯСЫ

БАҚ өкілдерімен кездесу
«Дос-Мұқасан» тобы
«Той жыры» әніне - 50 жыл

СЫДЫҚОВ
Ұлықпан Есілханұлы,
ақын, ғалым, қоғам қайраткері.

»»»»

9 қазан, 2020 жыл.
Сағат: 20.00.
(Нұр-Сұлтан уақыты бойынша)

«Шеврон» компаниясы демеушілігімен Түркітілдес журналистер қоры ұйымдастырған вебинарлар шеңберіндегі онлайн жүздесуді қор Президенті Нәзия Жоямергенқызы жүргізіп, оған республикамыздың әр аймағынан журналистер қатысты. «Zoom қосымшасы арқылы өткен кездесуге қатысуда біз «Той жыры» әні арқылы бүтіндей бір дәуірдің тарихына саяхат жасап қайтқандай болдық» деп жазыпты өзінің ФБ парақшасында әріптесіміз. Шынында да, екі сағаттық онлайн жүздесу өткен күндердің әдемі сәттеріне сапар шектірді.

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» дейді ұлы Абай. Яғни, данышпан сөзінше, жеке адам өледі, о дүниеге кетеді. Ал бірақ жарық дүниеде не өлмейді? Абайша әспеттесек, адамның артындағы істеген ісі, қалдырған ізі өлмейді. Сол айтқандай, біздің жасаған ісіміз, қалдырған ізіміз бен әрекетіміз ешқашан өлмек емес. Әсіресе өнердегі шығармалар жиынтығы да көненің көзіндей болып қала бермек. Ал ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келетін «Той жыры» әнінің шығуының өзі тұнып тұрған тарих. Осындай өлмейтін шығарма жазған Ұлықпан Есілханұлы кездесу барысында сонау 1970 жылдарда дүниеге келген әннің тарихын ғана емес, «Дос-Мұқасан» тобының құрылуы жайында да кеңінен әңгімеледі.

«Өткен ғасырдың алпысыншы жылдарында бізде үлкен бір серпіліс, өзгеріс болды. 80 жылдары коммунизм болады екен, дүниенің бәрін автомат басқарады деген сөз халықтың жүрегіне ұялап, сол әсер етті ме қазақстандағы жалғыз әрі аса беделді техникалық оқу орнының автоматика және есептеу техникасы деген факультетіне құжат тапсырдым. Мектепті алтын медальмен бітіріп, электронды есептеу машинасы мамандығы бойынша түсіп, 50 баланың ортасындағы қазақ мектебін бітіріп келген жалғыз мен ғана болдым. Топта үш қана қазақ болдық. Олардың өзі орыс сыныбын бітірген екен. Ал автоматика және есептеу техникасы деген факультетте қазақтың біраз ұл-қыздарын көзім шалып қалып жүрді. Бұл жастардың бәрінің де қабілет-қарымдары мықты болып шықты. Алғашқыда бір-бірімізді жете тани алмай жүрген едік. Біздің басымыздың бірігуіне Қамит Санбаев себепші болды. Ол өзі бізден жасы үлкендеу, әскерде қызмет атқарып келген, әрі факультеттің комсомолдар комитетінің хатшысы екен. Соның арқасында дарынды, қабілетті жастардың басы қосылды. Кентаудан келген Досым Сүлеев сегіз кластық музыка мектебін бітіріпті. Бірақ, қазақ тілін мүлде білмеді десем болады. Оның себебі әскери

отбасынан шыққандығы болар, бәлкім. Одан кейін Мұрат Құсайынов деген домбыраның құлағында ойнайтын, өте өнерлі жігіт болып шықты. Сонымен қатар Мейірбек Молдабаев, Шәріп Омаров тағы басқа жігіттер бір-бірімізбен жақын танысып, шүйірлесіп қалып жүрдік. Бір жатақханада тұрған соң бір-бірімізбен өте тығыз араластық. Ал өнер әлемі бізді одан әрмен жақындастыра түсті. Өзім болсам бала жастан қара өлеңді серік етіп келетін жан едім. Ұзын сөздің қысқасы, жатақханада «Самал» атты клуб құрып, сонда ән айтып, кештер ұйымдастырып жүрдік. Ол тұста студенттер отряды деген үлкен қозғалыс болатын-ды. 1967 жылы Павлодар облысының Баянауыл ауданына студенттер құрылыс отрядына бардық. Мен ХХІ партсъезд атындағы совхозда құрылыс отрядының басшысы болдым да, қалған жігіттер Торайғыр деген ауылда істеді. Күні бойы жұмыста, ал кешкілік от жағып, айналасына отырып алып ән шырқап жүретінбіз. Содан сол кезде жасақаралық құрам (интер отряд) деген болатын. Онда Венериядан келген жігіттер істейтін-ді. Соның ішінде Ванус деген жігіт: «Ой сендер дайын тұрған ансамбль екенсіңдер ғой. Мен сендерге ат қойып жіберейін, «Дос-Мұқасан» деген» демесі бар ма? Қалайша дейміз ғой. «Дос» – Досым Сүлеев, «Мұ» – Мұрат Құсайынов, «Қа» – Қамит Санбаев, «Сан» – Саня (Александр) Литвинов. Бұл атау не қазақша, не орысша емес, қалай болар екен дегенбіз. Дегенмен, жарайды деп біз де келісе кеттік. Осылайша, «Дос-Мұқасан» ресми екеуімізге келген күн 1967 жылдың 1 тамызы болды. Күз айында Алматыға оқуымызды жалғастыруға келдік. Содан кейін алдымызда топтың тағдыры қалай болар екен деген мәселе тұрды. Ол кезде «БИТЛЗ»-дың шыққан тұсы. Тұйықталған мемлекет болсақ та батыстың ықпалы бар болатын. Сол кезде өзіміздің керемет өншілеріміз сахна төрінде түрлі әндерді шырқап жүрді. Ал біздің көкейде не істейміз, болашағымыз қалай болмақ, ілгері жүреміз бе, әлде шегінеміз бе деген ой жүрді. Ақыры ешкімге ұқсамайтындай, өз жолымызды тапсақ деп шештік. Ойлана келе, қазақтың ұлттық музыкасына электронды аспаптар арқылы жаңаша екпін, леп, ырғақ беру керек деп тоқтадық. Ол тұста аппаратура табу деген өте қиын еді. Алғашқы кезде өзіміз электрониканы жақсы білетіндіктен қолдан күшейткіш жасадық. Артында Текелі қаласында үлкен бір кәсіпорынның басшысы болған Ибрагим Еділбаев деген азамат институтымызға кездейсоқ келе қалып, мына жігіттерге қамқоршы болайын деп аппаратура

сатып әперді. Міне, сол кезде институттың ректоры Әшім Құранбайұлы, Омаров деген кісі, парткомның хатшысы, ұстазымыз Досым Жібекөв, факультет деканы Баян Рақышевтардың «Мына балаларға қолұшын созып, қамқорлық жасайық. Осылардан бірдеңе шығады» деген сөзі біздің өнер әлеміне қанат қағуымызға жол ашты. Ән айта жүріп, сабақты да жақсы оқыдық, бірде-бір пәнді қалт жібермедік. Тіпті, Мейірбек екеуіміз Ленин атындағы стипендияның иегері болдық. Қысқасы, барлығы да талантты, талапты жастар болды. Сөйтіп, күн-түн демей жүріп, ізденістің арқасында «Дос-Мұқасан» тобы аяғынан тік тұрды.

Ал енді тобымыздың ел алдына алғаш шығуын айтсам, сол кезде факультет арасында фестиваль өтетін. Әр факультетке бір күн беріледі, өнер жарысынан бәйгеге түседі. Сол бәйгеге қатысып, өзіндік төл шығармалар деген номинация бойынша тобымыз бірінші орынды иелендік. Бұл алғашқы рет өзіміз болып жазған ән еді: «Әсем жұлдыз» деп аталатын әннің сөзін – мен, ал музыкасын Мұрат Құсайынов жазды. Осы арқылы конкурстан бас бәйгеге жеңіп, бұл өмірімізге үлкен серпіліс әкелді. Мұнан кейін Досым Сүлеев екеуіміз жазған «Ғашықпын» деген ән үшін де бәйге алдық. Бұл да біздің бойымызға одан әрмен қанат бітірді. Сол кезден бастап «Жайдарман», «Ауылың сенің іргелі» тағы басқа әндерді жаңа арнаға салып, өңдеуді бастап кеттік. Сөйтіп, біртіндеп аяғымыздан тұрдық. Әндеріміз арқылы Қазақ телевизиясындағы «Алло, мы ищем таланты!» атты хабарға шығуымызға да мүмкіндік туды. Осы хабар арқылы біздің жігіттер өнерлерін көрсетіп, таныла бастады. Бұдан кейін, қазақ телевизиясында «РОМБ» – романтика, оптимизм, махаббат, білім» деген студенттерге арналған хабар болды. Оның арнаулы бір нөмірін бізге арнап, 42 минуттық хабар өтті. Жүргізушісі мен болдым. Осы хабарға өзіміз арнайы шақырған Қадыр Мырза Әли ағамыз хабар соңында ақ батасын беріп, осы сәттен бастап біздің кең аудиторияға, халық алдына шығуымыз бастау алды. Бір жылдан кейін бізді Қырғызстанда Нүрек гидроэлектростанциясының ашылуына орай өнер көрсетуге шақырды. Бұл жерде де жігіттеріміз үлкен құрметке ие болып қайтты. Сонымен қатар Ташкентте техникалық жоғары оқу орындары арасында өткен фестивальда бас бәйгеге алдық. Осылай тобымыз Одақтық дәрежеге шықты. 1972 жылы Белоруссияның Минск қаласында эстрада әртістерінің одақтық байқауы өтетін болды. Осы байқауда «Дос-Мұқасан» тобы лауреат атанды. Бұл топтың

ары қарай да шарықтауына жол ашты. 1973 жылдың тамыз айында Берлин қаласында дүниежүзілік жастар мен студенттердің X әлемдік фестиваліне Совет одағынан баратын делегациялардың құрамына «Дос-Мұқасан» тобы да кіріктірілді. Осылай 190-нан астам мемлекеттің өкілдері қатысқан фестивалде «Алтын медаль» алып, лауреат атанып, бүкіл ел алдында абыройға бөленді. Бір жылдан соң «Дос-Мұқасан» тобы Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Міне, топтың қалыптасудағы қысқа жолы осындай. Ансамбльдің алғашқы жетекшісі Досым Сүлеев болды. Ол өте талантты, ақылды, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары азамат болды. Ал топтың ішкі тәртібі туралы айтсам, бір-бірімізге деген адалдық, талапшылдық басым болды. Ең алдымен қойған шарт: оқуға деген құлшынысты жоғалтып алмау, екіншіден, еңбекқор, адал болу қажет. Сонымен қатар бір-бірімізге деген қамқорлықты жоғалтып алмау принципін алға тарту арқылы топтың алғашқы жемісі келді деуге болады», – деп ағынан жарылған ағамыздың әдемі әңгімесі онлайн жүздесудің шырайын аша түсті.

Осы аралықта алғаш «Дос-Мұқасан» тобын көпшілікке танытып, қанат бітірген «Әсем жұлдыз» әні жүздесуге қатысқан журналистердің көңілін одан әрмен серпілтті.

Әдемі әннен кейінгі әңгіме желісін Ұлықпан ағамыз «Той жыры» әнінің шығу тарихына қарай бұрды. «Бұл – оқу бітіретін кезең еді. Біздің арамыздан ең бірінші болып Мұрат Құсайынов үйленетін болды, қалыңдығы – Сәбира. Ал той 1970 жылдың 10 қазан күні Алматы қаласындағы «Ромашка» атты кафеде өтетін болды. Содан бәріміз жиналып не берсек болады деп ойланып қалдық. Ақша беретіндей жағдайымыз жоқ. Себебі бәріміз студентпіз. Содан көрімдік болсын деп әрі алғашқы той ғой, өн сылайық деп шештік. Сөйтіп, сөзін мен жазамын, ал музыкасын Досым жазатын болды. Абыр сабырмен жүріп, 10 қазанның қалай келіп қалғанын білмей де қалыппыз. Біз бір бөлмеде Досым, Мейірбек үшеуіміз тұратын едік. Түсік сағат бірдің кезі еді. Ал кешкі сағат бесте той болады. Ән әлі жазылған жоқ. Енді не қылсақ екен деп, екеуіміз басымызды ұстап қалдық. Төсекте арлы-берлі дөңгелеп жатқан Досымға: «Саспа, қазір саған қазақтың он бір бұйымымен шығарылған өлеңді беремін» дедім. Осылайша, бес алты минуттың ішінде өлеңнің алғашқы шумағы тіп ұшына келді.

Махаббатың құдырет күші әлдилеп,
Екі жастың табыстырған жүрегің.
Жастық жалын, асыл арман, ақ ниет
Бақыт сыйлап ұсыныпты гүлдерін, – деп айғай салдым да, шимайлап- шимайлап қағазға жаздым да Досымға лақтырып жібердім. Төсекте дөңбекшіп жатқан ол қуанып кетті. Ары қарай тіп ұшына өлеңнің қайырмасы да келе қалды.

Той үстінде тәтті күндер,
Жас жұбайлар шат күліңдер.
Ән салайық, би билейік,
Шарықтасын шаттық үндер.
Мұны естіген Досым одан әрмен қуанып кетіп, бір уақытта ол да айғай салды: «Таптым, таптым. Келді, келді деп». Осылай өлеңнің екінші, үшінші шумағы да жазылды.

Бізбен бірге Мейірбек те уайымдап жатыр еді. Жүзіріп келіп екеуімізді құшақтап, сүйіп жатыр. Осылайша көрші бөлмеде жатқан Мұрат пен Шәріпті шақырып, тойға дайындық басталып кетті. Екі сағат репетиция жасап, нобайын жөнге келтіріп алдық. Сөйтіп, өн алғаш жұртшылық алдында орындалды. Мұрат пен Сәбираға арнаған әніміз көпшілікке қатты ұнады. Аты өзінен-өзі «Той жыры» болды да кетті. Ал 1974 жылы 1 мамырда өн сол кездегі «Лениншіл жас» газетінің бірінші бетінде басылды. Ел арасына тарап кетті. Қай жерге барсаңыз да осы ән орындалатын болды. Міне, быыл, 10 қазан күні бұл әннің шыққанына тура 50 жыл толды. Мұнымен қоса Мұрат пен Сәбирадың да үйленіп, отау тіккендеріне де елу жыл болды. Осы кездесуді пайдалана отырып, екі досымды шын жүректен құттықтағым келеді» – деді ол.

Осындай сүбелі әңгімеден соң әр аймақтан қатысқан журналистер көкейдегі сауалдарын қойды. Әңгіме барысында Ұлықпан аға ұлттық рух, одан айырылып қалмаудың маңызы тұрғысындағы терең ойларын ортаға салды.

СУДЕБНАЯ СИСТЕМА

ПРОПУСКНОЙ РЕЖИМ В ЗДАНИИ СУДА

В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ В СУДАХ РЕСПУБЛИКИ ДЕЙСТВУЮТ ПРАВИЛА ПО ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПРОПУСКНОГО И ВНУТРИОБЪЕКТОВОГО РЕЖИМОВ ДЛЯ ПОСЕТИТЕЛЕЙ НА ТЕРРИТОРИИ И В ЗДАНИЯХ ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, МЕСТНЫХ СУДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН. ДАННЫЕ ПРАВИЛА ОПРЕДЕЛЯЮТ ПОРЯДОК ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРОПУСКНОГО И ВНУТРИОБЪЕКТОВОГО РЕЖИМОВ ДЛЯ ПОСЕТИТЕЛЕЙ НА ТЕРРИТОРИИ И В ЗДАНИЯХ ВЕРХОВНОГО СУДА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН, МЕСТНЫХ СУДОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН.

Пропускной режим и поддержание общественного порядка в зданиях судов осуществляется сотрудниками Управления специализированной службы охраны Министерства внутренних дел Республики Казахстан и судебными приставами.

Пропускной режим устанавливается в целях исключения проникновения посторонних лиц на территорию, в административные здания судов, Департамента и его территориальных органов; исключения вноса (выноса), ввоза (вывоза), проноса (провоза) предметов и вещей, указанных в перечне; исключения несанкционированного доступа посетителей в иные помещения, кроме тех, в которые были приглашены; повышения уровня антитеррористической защищенности зданий судов, Департамента и его территориальных органов; обеспечения безопасности судей, работников и посетителей, охраны и соблюдения общественного порядка в соответствии с подпунктом 2) пункта 1 статьи 4 Закона

Республики Казахстан «Об органах внутренних дел Республики Казахстан».

Согласно данных правил, для допуска в здания судов осуществляется на основании временной карточки пользователя и разового пропуска. Вход посетителей в здание суда по устному распоряжению работников, прием граждан (родственников, знакомых и т.д.) по личным вопросам судьями, работниками суда не допускается и после окончания рабочего дня, в выходные и праздничные дни пропуск посетителей в здание прекращается.

В случае нарушения посетителями правил поведения, воспрепятствования осуществлению правосудия, выражения неуважения к суду, неисполнения законных распоряжений и требований судей и судебных приставов посетители могут быть привлечены к ответственности, в установленном законом порядке.

Олжас АСАНОВ, старший судебный пристав Талдыкорганского специализированного следственного суда.

ПОДСУДНОСТЬ ТРУДОВЫХ СПОРОВ

Работодатели и работники ежедневно сталкиваются с вопросами в области трудового права. Это и несвоевременная выплата заработной платы, и незаконные увольнения, и необоснованный отказ в приеме на работу, и многие другие нарушения трудового законодательства. К причинам нарушения трудовых прав и как следствие возникновения трудовых конфликтов можно отнести и слабое знание, а иногда и незнание правовых норм, непонимание механизма правового регулирования трудовых правоотношений. Не только работники нарушают трудовые правоотношения, зачастую и многие работодатели, пользуясь своим положением, предоставленным им трудовым законодательством, попросту злоупотребляют им.



ками по делу в силу статьи 47 ГПК.

При определении подсудности с применением положений части 8 статьи 30 ГПК иски о взыскании заработной платы, пенсий и пособий, а также иски о восстановлении трудовых, пенсионных и жилищных прав, связанные с возмещением убытков,

причиненных гражданину незаконным осуждением, незаконным привлечением к уголовной ответственности, незаконным применением меры пресечения либо незаконным наложением административного взыскания в виде административного ареста, могут предъявляться по месту жительства истца. Применяя данную норму, нужно исходить из буквального смысла и содержания части 8 статьи 30 ГПК, которая связывает возможность предъявления таких исков по выбору истца лишь в совокупности с возмещением убытков, причиненных истцу в случае его незаконного осуждения незаконного привлечения к уголовной ответственности и незаконному административному аресту.

Изначальное неправильное определение подсудности по трудовым спорам влечет не только возможную отмену в апелляционном порядке судебных актов, но и несвоевременное разрешение трудовых споров, по которым законом установлен сокращенный месячный срок их рассмотрения.

Изначальное неправильное определение подсудности по трудовым спорам влечет не только возможную отмену в апелляционном порядке судебных актов, но и несвоевременное разрешение трудовых споров, по которым законом установлен сокращенный месячный срок их рассмотрения.

Бакыткуль МАДЫБЕКОВА, заведующая канцелярией Текелійского городского суда.

ПРИВЕРЖЕННОСТЬ ПРИНЦИПАМ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА

Правительство Казахстана на протяжении всего переходного периода демонстрирует приверженность принципам гендерного равенства. Последовательное институциональное развитие национального механизма по улучшению положения женщин идет с 1995 года, когда был создан консультативно-совещательный орган - Совет по проблемам семьи, женщин и демографической политике при Президенте РК.

В Декларации тысячелетия Организации Объединенных Наций, которую подписало большинство стран мира, поощрение равенства мужчин и женщин, расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития человечества в третьем тысячелетии.

В настоящее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изме-

нения.

В промышленно развитых и социально ориентированных странах женщины практически достигли равенства с мужчинами в вопросах своих прав и возможностей. За годы независимости Казахстан также достиг определенного прогресса в области защиты прав и законных интересов мужчин и женщин.

Стратегической задачи перехода к новой модели социально-экономического и технологического развития невозможно без активного и всестороннего участия женщин в экономической и политической деятельности. Женщины не только составляют большинство трудоспособного населения страны, имеют более высокий уровень образования, но и обладают в большей степени такими необходимыми качествами для деятельности в сфере информационных технологий как внимательность, аккуратность, ответственность, испол-

нительность, коммуникабельность, большей психологической и физиологической устойчивостью, чем мужчины. Именно подобные качества личности более соответствуют информационным технологиям, в то время как индустриально-промышленные и добывающие технологии больше требовали физической силы, выносливости, решительности, концентрированности на какой-то одной деятельности или операции. Поэтому в эпоху индустриально-промышленного развития человеческого общества основной производственной силой были мужчины. В век электроники - большей ее частью будут женщины.

Санжар ЛАЗАРОВ, секретарь судебного заседания-главный специалист Талдыкорганского городского суда.

НОВОСТИ

ПРИВИВКИ БУДУТ ДЕЛАТЬ ТЕМ, КОТОРЫЕ ХОТЯТ ИХ

Касым-Жомарт Токаев, выступая на совещании по подготовке ко второй волне пандемии коронавируса, отметил важность обеспечения казахстанцев вакциной от КВИ, передает NUR.KZ со ссылкой на Facebook-страницу пресс-секретаря президента Берика Уали.

«Вакциной надо обеспечивать граждан, по-другому нельзя. Мы, конечно, можем принимать разные меры — организационные и прочие. Но самое главное — предотвратить заражение людей коронавирусом при помощи вакцины», — считает президент.

Глава Минздрава, отвечая президенту, отметил, что сейчас ведутся переговоры с несколькими поставщиками вакцин, в том числе с Россией, при этом Казахстан работает над разработкой собственного препарата. Цой отметил, что в России сейчас разрабатываются две вакцины от КВИ — Минздрав ведет переговоры по поводу поставки обоих препаратов.

Говоря о казахстанской вакцине, министр здравоохранения отметил, что доклинические испытания пройдены успешно.

«Сейчас на добровольцах проводится первая-вторая фаза вакцинации, исследования. Мы ожидаем, что эту фазу МОН совместно с нашим министерством завершит где-то в ноябре-декабре. После этого мы дополнительно ожидаем документы на переход на третью фазу», — проинформировал глава

Минздрава, добавив, что параллельно строится завод по производству вакцины.

Касым-Жомарт Кемелевич отметил, что следует ускорить эту работу, поскольку разработка вакцины от КВИ — приоритетное направление в работе Минздрава и правительства в целом.

«Гражданам нужны вакцины. Конечно же, прививки будут делаться тем людям, которые хотят их принимать. Но, тем не менее, другого пути нет — нужно вакцинироваться. Будь это закуп вакцины или, что желательнее, собственное производство, но граждане должны быть обеспечены вакциной. Считайте, что это приоритетное направление», — сказал Токаев.

Глава государства также выразил надежду, что отечественное производство вакцины будет налажено должным образом, а разработки казахстанских ученых окажутся успешными. «Я знаю, что один из министров — министр образования и науки — уже на себе попробовал эту вакцину. Полагаю, что все будет нормально», — подвел итог Токаев.

Напомним, на совещании глава государства поручил кабмину наладить диалог с населением — говорить честно и открыто. По мнению президента, это поможет избежать повторного введения жестких ограничений на фоне распространения коронавируса. Президент также похвалил работу правительства во время пандемии, но отметил, что следует быть готовыми и ко второй волне.

ПОКРЫТИЕ ИНТЕРНЕТОМ В КАЗАХСТАНЕ СОСТАВИТ 100%

Глава государства принял председателя правления АО «Казхателеком» Куанышбека Есекеева, сообщила пресс-служба Акорды.

Президенту было доложено о реализации проектов по строительству волоконно-оптических линий связи и мобильного широкополосного доступа в сельских населенных пунктах. Проект будет полностью завершен до конца текущего года. В результате уровень проникновения интернета в стране достигнет 99,5%.

Касым-Жомарту Токаеву также была представлена информация о ходе внедрения маркировки товаров с целью снижения теневого оборота. Оператором проекта выступает АО «Казхателеком».

Глава государства дал положительную оценку результатам деятельности компании, а также поставил ряд задач по ее развитию в части предоставления новых цифровых услуг населению и бизнесу, расширения доступности и качества интернета и мобильной связи, совместной работы с другими операторами связи.

В ЭТОМ ГОДУ ШКОЛЬНИКИ ОТДОХНУТ ЧУТЬ ДОЛЬШЕ

Осенние каникулы для школьников в этом году продлятся с 5 по 14 ноября включительно, передает ИА «NewTimes.kz» со ссылкой на пресс-службу министерства образования и науки.

Ранее осенние школьные каникулы обычно начинались в конце октября и длились одну календарную неделю. В этом году школьники отдохнут чуть дольше.

«Осенние каникулы для школьников составляют 10 дней и продлятся с 5 по 14 ноября включительно», — сообщили в МОН РК.

В МОН также сообщили, что согласно государственному общеобязательному стандарту образования, в Казахстане каникулы в учебном году длятся не менее 30 дней.

«В учебном году 2020–2021 года каникулы так же составят не менее 30 дней, но будут разбиты по четвертям в зависимости от решения министерства», — добавили в пресс-службе.

К слову, ранее в родительских чатах появилась информация, что осенние каникулы переносятся на более ранний срок — с 5 по 18 октября. Министерство образования и науки РК опровергло информацию, что сроки осенних школьных каникул могут передвинуть.

Между тем, в управлении образования Алматы сообщили, что если заболеваемость в городе продолжит снижаться, то школьники могут вернуться за парты уже во второй четверти.

ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ

БАСКЕТБОЛШЫ ҚЫЗДАР БАБЫНДА

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ БАСКЕТБОЛШЫ ҚЫЗДАРЫ ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ 2-ТУРЫНА ДАЙЫНДАЛЫП ЖАТЫР. 1-КЕЗЕҢ ОЙЫНДАРЫ МАМЫР АЙЫНДА АЛМАТЫДА ӨТКЕН БОЛАТЫН. ОНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ЖЕТІСУ ӨҢІРІНІҢ СПОРТШЫЛАРЫ ҚАРСЫЛАСТАРЫН ТҮГЕЛ ЖЕҢІП, ТОП БАСЫНДА КЕЛЕДІ. 2-ТУР ОЙЫНДАРЫ ДА ОҢТҮСТІК АСТАНАМЫЗДА ҚАРАША АЙЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАДЫ ДЕП ЖОСПАРЛАНҒАН. АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ҚҰРАМАСЫ БҰЛ СЫНДА БӘСЕКЕЛЕСТЕРІНЕН БАСЫМ ТҮСУДІ КӨЗДЕЙДІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, ЖЫЛ АЯҒЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ҰЛТТЫҚ ЛИГАДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДА ӨТЕТІН ЖАРЫСҚА ДА ҚАТЫСЫП, ЖЕҢІМПАЗ АТАНУДЫ МАҚСАТ ЕТІП ОТЫР.



жанкүйерлік танытатынымын. Кейін келе өзімде баскетболшы болдым. Бұл ұжымдық ойын. Отбасың, достарыңнан бөлек, өзіңе жақын адамдарды табасың. Алдыма қойған мақсатым – өз командама чемпион болуға көмектесу. Спорттық мәнсабимді аяқтаған соң баскетболдан жаттықтырушы болғым келеді. Еліміздің әйелдер құрамасын баптау жоспарымда бар», – дейді А. Құдабаева.

Болашағынан үміт күттіретін спортшылардың бірі – Ділпаз Нұрланова. Ол сәттілік жолдас болып, дайындық өз деңгейінде жүре берсе, баскетболмен стритболдан биылда чемпион болатындарына күмән келтірмейді.

«Қазір баскетбол мен стритбол ойындары бойынша жаттығуларды өткізіп жатырмыз. Мен қандай жағдай болса да дайындықты жібермеуге тырысам. Біз чемпион болғандықтан қарсылас командаларымыздың барлығы бізді ұту үшін елсіз тұстарымызды іздейді. Сондықтан әр кездесуге білек сыбана, жігерленіп шықпақпыз» – деген спортшы бәсекелестеріне ешқандай мүмкіндік бермейміз деп ойлайтынын жеткізді.

Алматы облысының құрама командасы аптасына 5 рет «Өркен» спорт кешенінде дайындық өткізеді. Олар ойын алаңында баскетболдың түрлі әдіс-тәсілдерін сауатты орындауға тырысады. Баскетбол командалық ойын болғандықтан түсіністік қарым-қатынас аса маңызды, – дейді олар. Елдегі эпидемиалық тұрақтанıp, жоспарланған жарыстар өтіп жатса, барын салатындығын айтады.

Жарқын НҰРЛАНҰЛЫ,
prosports.kz

Баскетболдан Алматы облысының қыздар құрамасы қазір нағыз бабында. Олар Текелі тауында 2 рет кеңейтілген оқу-жаттығу жиынын өткізіп қайтты. 3 аптаға созылған шара жалпы дене дайындығын шыңдауға бағытталды. Қазір атлеттер техникалық шеберлігін арттыруға күш салып жатыр. Сонымен қатар, тактикалық ойын жүйесін ойластырып, тәжірибелерін жетілдірмек. Айта кетейік, былтыр жетісулық бұрымдылар Қазақстан ұлттық лигасы мен жастар арасындағы ел біріншілігінде чемпион атанған. Биылғы маусымда қойылған талап жеңімпаз болу. Баскетболдан Алматы облыстық әйелдер құрама командасы аға жаттықтырушысы Евгений Прокопчиктің айтуынша, құрама былтырғы маусымды өте жақсы аяқтаған.

«Әйелдер командалары арасында бірінші орын алдық. Жастар арасында да алдымызға жан салған жоқпыз. Биылда көш тізінін ұстап, бірінші келе жатырмыз. Бізден кейін Түркістан облысының «Тұран» командасы келеді. Одан соң Шымкенттік қыздар.

Үздік төрттікті Көкшетаулық спортшылар түйіндеп отыр. Біз Қазақстан чемпионатына тек жеңімпаз болу үшін ғана барамыз. Оған шәкірттеріміздің шамасы жетеді. Быыл командамызға Азия біріншілігінің жүлдегері Карина Олимберді алдық. Сонымен қатар, ұжымдағы бетке ұстар ойыншыларымыз Диана Бушмелова, Шырын Құлбекова, Ләззат Тұрсынова, Аяулым Тілеубай қазір өз бабында. Ескерте кетейін бұл баскетбошылар Қазақстан құрамасында да ойнайды. Азия біріншілігі ұйымдастырылып жатса қыздар жүлделі боларына сенімдімін», – дейді ол.

Баскетболшылар қауіпсіздік ережесін қатаң сақтайды. Үнемі медициналық тексеруден өтіп тұрады. Жаттығу кезінде де 30 ойыншыдан аспайды.

«Карантин кезінде санитарлық ережелерге үлкен мән бердік. Онлайн жүйесі бойынша жаттығулар өткіздік. Көбіне «Zoom» бағдарламасын қолдандық. Бұлшық етті күшейтетін бірнеше дайындық түрлерін өздігімен

істеуге тапсырмалар бердік. Осылайша қыздардың физикалық дайындығын бақылап отырдық. Осының арқасында командамыз жарысқа қазір дайын», – дейді аға жаттықтырушы.

Қазіргі күні Алматы облысында стритбол ойыны да дамып келеді. Стритбол - Баскетбол ойынының бір түрі. Команда құрамында едеттегідей 6 ойыншы емес, 3 спортшы өнер көрсетеді. Қарсылас ұжымдар бір шеңберге доп салып, үздікті анықтайды. Сонау өткен ғасырдың 60-шы жылдарында АҚШ елінде пайда болған стритбол, қазіргі күні әлемге кеңінен тараған. Тіпті, Олимпиада ойындарының тізіміне енді. Оған жетісулық жастар үлкен қызығушылық танытып отыр.

«Стритболдан біздік команда Қазақстан чемпионы және жүлдегері болды. Мектеп оқушылары арасында да бұл спорт өте жақсы дамыған. Біз Қазақстан бойынша үнемі алғашқы үштіктен түсіп көрген жоқпыз. Құрлықтық жарыста да қоржынымыз бос қайтпады. Сол халықаралық турнирде Қазақстан құрамасы 2-ші орын алған, – деген К. Прокопчик

жетісулық спортшылардың құрлықтық жарыста да қоржыны бос қайтпайтынын айтады.

Алматы облыстық құрама командасының үздік ойыншыларының бірі – Аружан Құдабаева. 6 жылдан бері баскетболмен тұрақты айналысып келеді. 19 жастағы бойжеткен осы спортпен болашағын байланыстыруды көздейді. Халықаралық турнирлерде жүлдегер болып, Қазақстанның көк туын жоғары көтерсем дейді.

«Біз былтыр чемпион атандық. Ол кезде қарсыластарымыз Түркістандық «Тұран», Ақтаулық «Каспий», Павлодарлық «Ертіс» және Шымкенттік «Қазығұрт» командалары болатын. Биыл да алаңда аянбай өнер көрсетіп, былтырғы жетістігімізді қайталаймыз деген үміттеміз. Қазір техникалық дайындығымызды нығайтудамыз. Шабуылдағы әрекетпен, қорғаныста қалай сауатты қимылдау керектігін үйренудеміз. Мен баскетболға жастайымнан әуестендім. Ел құрамасының ойынын телеарнадан көріп немесе ғаламтор желісінен бақылап,

ХОККЕЙ

САН СОҚТЫРДЫ

Құрлықтық хоккей лигасының (ҚХЛ) кезекті тур ойынын Нұр-Сұлтаннның «Барысы» Уфада жергілікті «Салават Юлаевқа» қарсы өткізді.



Бәсекенің алғашқы 20 минутында қос команда бір-бірін ала алмады. Үзілістен кейін айдын иелері біздің қақпамызға қатарынан екі шайбаны енгізді. Бұл голдардың авторлары – Шәкір Мұхаммадуллин (24 минут) мен Александр Алексеев (33 минут). Есесіне үшінші кезеңде «қаһарына» мінген қонақтар таразы басын теңестірді. 42 минутта Максим Мусоров есеп айырмашылығын қысқартса, 49 минутта Даррен Диц нысананы дәл көздеді. Осылайша, ойын овертаймға ұласты. Қосымша уақыт басталған бетте жерлестеріміз бір ойыншының көптігін ұтымды пайдаланып, 61 минутта Роман Старченко жеңіс голын соқты. Есеп – 2:3.

Өзінің келесі кездесуін «Барыс» Мәскеуде жергілікті «Спартак» клубына қарсы өткізеді.

ВЕЛОСПОРТ

ӘЙГІЛІ «ДЖИРО Д'ИТАЛИЯ» КӨПКҮНДІГІНІҢ ТОҒЫЗЫНШЫ КЕЗЕҢІ «EF PRO CYCLING» КЛУБЫ САПЫНДА ӨНЕР КӨРСЕТЕТІН РУБЕН ГЕРРЕЙРУДЫҢ ЖЕҢІСІМЕН АЯҚТАЛДЫ



ТОҒЫЗЫНШЫ ОРЫН АЛДЫ

Апеннин түбегінде орналасқан Сан-Сальво мен Рок-каразо қалалары аралығын жалғастырып жатқан 207 шақырымдық қашықтықты айтулы португалиялық велошабандоз 5 сағат 41 минут 20 секунд аралығында жүріп өтті.

Екінші және үшінші орынды испаниялық Джонатан Кастровьехо («INEOS Grenadiers») мен даниялық Миккель Бьерг («UAE-Team Emirates») еншіледі. Ал «Астана» клубы мүшелері арасынан ең үздік көрсеткішке Якоб Фальсанг қол жеткізді. Жеңімпаздан 1 минут 38 секунд қалып қойған ол мәре сызығын тоғызыншы болып қиып өтті.

Жалпы есепте Жоау Алмейда (Португалия, «Descunipack-Quick Step») алдына жан салар емес. Оның уақыты – 35:35:50. Екінші және үшінші сатыларға Вилко Келдерман (Нидерланд, «Team Sunweb») мен Пельо Бильбао (Испания, «Bahrain-McLaren») жайғасты. Ал «Астананың» серкесі Якоб Фальсанг әзірге алтыншы орынды иемденуде.

ФУТБОЛ

ҮЗДІКТЕР ҚАТАРЫНДА

Футболдан Ұлттар лигасының топтық турнирінің үшінші турынан кейін айтулы жарыстың шартты құрамасы жарияланып, үздіктер тізіміне Қазақстан құрамасының ойыншысы Темірлан Ерланов та енді.



Ол 1993 жылы Өскеменде туып-өсті. Өу баста бірқатар командалардың жастар құрамында шеберлігін шыңдаған Темірлан кейіннен «Восток» пен «Ордабасыда» өнер көрсетті. Биылғы маусымда Қостанайдың «Тобылының» жейдесін киді. Былтырғы жылдың ақпан айында қандасымыз Қазақстан құрамасының сапына қабылданды. Амплуасы – қорғаушы. Дәп осы ойыншы Албанияға қарсы кездесудің 60 минутында біздің қақпамызға кіріп бара жатқан допты кері қайтарды. Және де Ерланов осы матчта өзін жақсы қырынан көрсетті. Сарапшылар тарапынан осы жайттың барлығы ескеріліп, ол 8.1 деген бағаға ие болды.

Ал Ұлттар лигасының топтық турнирінің үшінші турының шартты құрамасы мынадай: Серхио Рамос (Испания), Одмар Фере (Фарер аралдары), Кайл Голдуин (Гибралтар), Мартин Эдегор, Эрлинг Холланд, Александр Серлот, Биргер Мелинг (Норвегия), Анастасиос Бакасетас (Грекия), Рауно Саппинен (Эстония) және Венсан Тилль (Люксембург).



ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

түзден өнер іздемейді. Қолындағы аз-мұзына мақтанып, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші – ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара табылса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншек, салдау, салғырт, кербездікке салынады.

Үшінші – «дарқансың ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағаке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін деп мақтанып кетіп, пайдасыз

алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші – тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болаық деп, бір болымсызын берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп және жасынан іс істеп үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп,

тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шыққа» қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, сонымен табысы құралмай, борышы асып, дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы несі екен? Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып және өзі біреуге алдатқыш болатындығы қалай?

МӘДЕНИЕТ

КӨП ТАБЫСҚА КЕНЕЛГЕН 10 АКТРИСА

Forbes басылымы 2020 жылы ең көп табысқа кенелген актрисалардың рейтингін жариялады. Көш басында америкалық (тегі колумбиялық) актриса әрі сәнбике София Вергара тұр.



Софияның жылдық табысы 43 миллион долларды құраған. Оған кинодан бөлек Walmart және Rooms To Go жүйесіндегі жарнама арқылы тапқан қаржысы да қосылған.

Екінші орында – Анджелина Джоли. Оның жылдық табысы 35,5 миллион доллар шамасында болған. Басылым ақпараты бойынша актриса табысының барлығын дерлік киноға түсу арқылы тапқан. Табысының үштен бірін Marvel 2021 жылы шығаратын «Мәңгілік» деп аталатын фильмнен алған.

Үздік үштікті 31,5 миллион доллар табысқа кенелген Галь Гадот түйіндеген. Табысының жартысынан көбін келер жылы шығатын «Қызыл дабыл» фильміне түсіп тапқан.

- 4-орын – Мелисса Маккарти (\$25 млн);
- 5-орын – Мерил Стрип (\$24 млн);
- 6-орын – Эмили Блант (\$22,5 млн);
- 7-орын – Николь Кидман (\$22 млн);
- 8-орын – Эллен Помпео (\$19 млн);
- 9-орын – Элизабет Мосс (\$16 млн);
- 10-орын – Виола Дэвис (\$15,5 млн).

ДЕНСАУЛЫҚ

КОРОНАВИРУС АДАМ ТЕРІСІНДЕ ҚАНША УАҚЫТ САҚТАЛАДЫ?

Жапониядағы Киото медицина университетінің ғалымдары коронавирустың адам терісінде қанша уақыт тіршілік ете алатынын анықтады. Ғалымдар «теріде вирус 9 сағатқа жуық қауіпті болуы мүмкін» дейді. Зерттеу тұмау вирусының өмір сүру мерзімінен COVID-19 мерзімі 5 есе көп екенін дәлелдеді.

Тәжірибе барысында адам терісіне 100 мыңнан астам коронавирус пен тұмау вирусы енгізілген. Содан кейін вирустардың теріден жоғалып кетуіне қанша уақыт кететіні есептелген. Тұмау вирусы 1-2 сағаттан кейін жойылып кеткен. Ал, коронавирус адам терісінде кей жағдайларда 11 сағатқа дейін, ал орта есеппен 9 сағатқа дейін сақталған.

Зерттеулер көрсеткендей, 80 пайыз этанол спиртін қолдану терідегі вирустарды 15 секунд ішінде жояды. Егер қолды сабынмен 15 секунд жуып, содан кейін 10 секунд ішінде ағын сумен шайып тастаса, вирустың бастапқы мөлшерінің тек бір бөлігі ғана сақталады яғни қолды ағынды сумен жуудың өзінде вирустардың жүзден бір бөлігі бәрібір қалады.

Айта кетейік, аустралиялық ғалымдар коронавирус банкноттар мен смартфондардың экранында 4 аптаға дейін сақталатынын зерттеу арқылы анықтады. Бұл тұмау вирусы сақталатын уақыттан шамамен 2 есе көп.



ӘЛЕМТАНУ

БҰҰ-НЫҢ АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒДАРЛАМАСЫ НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫН АЛДЫ

НОРВЕГИЯ НОБЕЛЬ КОМИТЕТІ 2020 ЖЫЛҒЫ БЕЙБІТШІЛІК БОЙЫНША НОБЕЛЬ СЫЙЛЫҒЫН ДҮНИЕЖҮЗІЛІК АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒДАРЛАМАСЫНА (WFP) БЕРУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ.

Ұйым бұл марапатты "аштықпен күресудегі қайраты, жанжалды аймақтардағы жағдайды жақсартуға қосқан үлесі, соғыс пен қақтығыстарда қаруды қолданбауға бағытталған күш-жігері үшін" алды.

Айта кетейік, кеше әдебиет бойынша Нобель сыйлығы АҚШ ақыны Луиза Глюкке берілді. Швеция академиясы оның "өмірді өзінің әдемілігімен әмбебап ететін поэтикалық дауысын" жоғары бағалады.



Материал интернет желісінен алынды

СӨЗ ЖОҚ



Zergerlik S'eberhana
Ювелирная мастерская

- Алтын-күміс бұйымдарын қайта өңдеу
- Өлшемін үлкейту-кішірейту
- Тас салу
- Лазер аппаратымен жалғау
- Ойып жазу
- Ремонт ювелирных изделий
- Уменьшение размера колец
- Закрепка камней
- Лазерная гравировка
- Лазерная пайка

التن _ كؤمس جاساؤ ورنى

Ақын Сара көшесінің бойы

СТУДИЯ LAZER

ЛАЗЕРНАЯ РЕЗКА
ГРАВИРОВКА


БЕЙДЖИ, ТАБЛИЧКИ, ЖЕТОНЫ, НОМЕРКИ, МЕНЮ ДЛЯ РЕСТОРАНА, КАФЕ И МНОГОЕ ДРУГОЕ.

Сувенирная продукция

Услуги полиграфии

ВИЗИТКИ, ЛИСТОВКИ, БРОШЮРЫ, КНИГИ, НАКЛЕЙКИ, ЭТИКЕТКИ, КАЛЕНДАРИ, БУКЛЕТЫ, БЛОКНОТЫ, ОТКРЫТКИ, ПЛАСТИКОВЫЕ КАРТЫ, КАТАЛОГИ, ПЛАКАТЫ, ЛАМИНАЦИЯ, ПЕРЕНАБЫВКА ПЕЧАТНЫХ МАШИНАМ

Қабанбай батыр көшесінің бойы



Суретті түсірген: М. АКМАТОВА

Редакция алқасының төрағасы - ЫРЫМ КЕНЕНБАЙ

Баспахана директоры
Бақберген ТҮКІБАЕВ

Бас редактор
Айтқын БҰЛҒАҚОВ

Редакция алқасы:

Сарби ӘЙТЕНОВА — редактордың орынбасары
Карина ПФАЙФЕР — тілші
Лина АЙДЫНҚЫЗЫ — тілші
Мадина АКМАТОВА — тілші

Кезекші редактор: Л. АЙДЫНҚЫЗЫ



Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде 2007 жылғы 27 тамызда тіркеліп, № 8639-Г куәлігі берілген.

Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32 үйде "Алматы-Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

Редакция мекенжайы: 040000, Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, екінші қабат.

Телефондары: 8(7282) 41-11-70, 41-11-42;
E-mail: alatau_offset@mail.ru, www.alatau.kz@mail.ru
Сайты: alatau_gazeti

Газет 07.08.2000 жылдан бастап шығады.

Таралымы 5025
Тапсырыс № 1009

Индекс 15534



Құрылтайшы
"АЛМАТЫ-БОЛАШАҚ" АҚ